

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ҚОРАБАЕВА ЖАУҚАЗЫН СЕРИКОВНА

Қазақстан Республикасындағы медиация институтының
ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілері

7М04203 «Құқықтану» (ғылыми және педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға
диссертация

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
институты Жалпы заң пәндері
кафедрасының доценті, Ж. Құмарбекқызы
философия (PhD) докторы
кіші әділет кеңесшісі

Бірлескен жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
институты Жалпы заң пәндері
кафедрасының оқытушысы
А.М. Касенова, заң ғылымдарының
магистрі, кіші әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2022 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік диссертация шеңберінде зерттелген тақырып Қазақстан Республикасындағы медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық саясаты үшін аса өзекті мәселе екені анықталды. Осыған байланысты біздің зерттеуіміздің міндетін Қазақстан Республикасының қолданыстағы медиация туралы заңнамасының арнайы заңмен және тәуелді актілермен бірге, медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық саясатын шет ел тәжірибесімен салыстыра отырып, медиация институтын елімізде дамыту үшін бірнеше ұсынымдар қарастырылған. Мемлекетіміздің бірінші басшыларының бастамаларымен сот жүйесінің жұмысын жеңілдетіп және түрме тұрғындарының деңгейінің төмендетуге бағыт алынған зерттеуіміздің маңызы зор мәнге ие болады.

РЕЗЮМЕ

В рамках магистерской диссертации установлено, что изученная тема является наиболее актуальной для организационно-правовой политики института медиации в Республике Казахстан. В этой связи задачей нашего исследования наряду со специальным законом и зависимыми актами действующего законодательства Республики Казахстан О медиации предусмотрено несколько рекомендаций для развития института медиации в стране, сопоставляя организационно-правовую политику института медиации с зарубежным опытом. Важное значение будет иметь исследование, проведенное по инициативе первых руководителей нашего государства, направленное на упрощение работы судебной системы и снижение уровня тюремного населения.

SUMMARY

Within the framework of the master's thesis, it was found that the topic studied is the most relevant for the organizational and legal policy of the mediation Institute in the Republic of Kazakhstan. In this regard, the task of our study is to study the current legislation of the Republic of Kazakhstan on mediation in conjunction with special laws and related acts, comparing the organizational and legal policy of the mediation Institute with foreign experience, and provide for several recommendations for the development of the mediation Institute in the country. Of great importance is our research, aimed at simplifying the work of the judicial system and reducing the level of prison population, initiated by the first heads of state.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

КІРІСПЕ.....	5
1.МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ	
1.1 Медиацияның түсінігі, мәні және тарихы.....	13
1.2 Медиация институтының құқық негіздері.....	37
1.3 Шетелдердегі медиацияның дамуы мен қалыптасу жағдайы.....	41
2.ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ	
2.1 Қазақстан Республикасында медиацияның қалыптасуы және дамуы.....	52
2.2 Медиация институтының жүзеге асырудағы бірыңғай саясатты ұстанудың бағыттары.....	61
2.3 Қазақстан Республикасында медиация институтын жетілдіру жолдары.....	72
ҚОРЫТЫНДЫ.....	88
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	93
ҚОСЫМША 1. Енгізу актісі.....	101
ҚОСЫМША 2. Сауалнама парағы	103
ҚОСЫМША 3. Сауалнама нәтижелері.....	106
ҚОСЫМША 4. Салыстырмалы кесте.....	110

ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

РФ – Ресей Федерациясы

К – Конституция

АК – Азаматтық кодексі

ӘРПК – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі

ҚПК – Қылмыстық процестік кодексі

ҚК – Қылмыстық кодексі

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

АҚШ – Америка құрама штаттары

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

т.б. – тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеу өзектілігі. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылы заңды түрде бекітіліп, нақты тапсырмалар да берілді. Қазақстан Республикасының Конституциясы экономикалық және жаңа саяси жүйені қалыптастыруға бағытталған демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Халықаралық-құқықтық актілердің басымдығын мойындай отырып, Конституция адамның жоғары құндылықтарын, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын заңнамалық тұрғыдан бекітті[1]. Осылайша, Қазақстан Республикасының тәуелсіз субъект ретінде әлемдік қоғамдастыққа кіруі жаңа экономикалық ұстанымдарды ескеретін ұлттық заңнаманы құруға негізделген құқықтық ұлттық менталитеттің қалыптасуына әкеп соқтырды. Сонымен қатар, құқықтық мемлекетіміздің демократиялық қағидаттары сот ісін жүргізу жүйесін оңтайландырып, жаңа әлемдік тәжірибені ескере отырып мемлекет жүргізіп отырған сот-құқықтық реформада одан әрі дами түсті.

Осы сәтте, медиация институты құрылғаннан бастап өз өзектілігін жоғалта қоймады, себебі 2020 жылғы 1 қыркүйегіндегі Қазақстан Халқына жолдауында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың маңызды әрі нақты тапсырмасында көрсетті: «Жаңа нақты ахуалда: әрекет ету уақыты. Осыдан он жыл бұрын біз «Медиация туралы» Заң қабылдадық. Бірақ осы уақытқа дейін бірде-бір мемлекеттік органы оны дамытумен айналыспады, нақты мемлекеттік саясат жоқ. Бұл жағдайды түзету керек» деп өз ұсынымын айта кеткен[2].

Соңғы онжылдықтарда медиация өте қарқынды дамып келеді және халықаралық қауымдастық қазіргі әлемнің сын – қатерлеріне жауап беретін дауларды шешудің әмбебап әдісі ретінде қабылдануда, ол адамды мынадай қиын міндетке қояды: ұлттық қауымдастықтар мен жеке адамдар арасындағы тепе-теңдікті табу, адамның жеке қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруға деген табиғи ұмтылысын күшейту болып саналады [3].

Мемлекетіміздің бірінші басшыларының тапсырмаларының мән-жағдайы – баршамызға белгілі, біздің сот жүйеміз үлкен ауыртпашылықта, сот жүйесіне қандай да бір кіші жағдай болсын, қандайда бір ұсақ түйек жағдай болсын біздің қоғамның азаматтары міндетті түрде сотқа жүгінуді өздерінің бір қалыпты жағдайына айналдырған. Осы жағдайды тоқтату, осы жағдайдың басқа баламалы түрі бар, азаматтардың араларында қандайда бір дау болмасын, әсіресе отбасы жағдайында соны шешу, соны реттеу арқылы осы медиация арқылы дамыту қажет. Сол себептен бүгінгі таңда медиация институтының құқықтық-ұйымдастырушылық аспектілері өзекті мәселе екеніне көз жеткіздік.

Шешілетін ғылыми мәселенің және/немесе практикалық мәселенің қазіргі жағдайын бағалау. Медиация институты XX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Оның туған жерін бірден АҚШ, Австралия және Ұлыбритания сияқты бірнеше ел деп атауға болады. Кейінірек дауларды шешудің бұл әдісі Еуропада таралды, қазіргі уақытта оны Жапония, Қытай, Корея, Үндістан және басқа да көптеген елдер белсенді қолданады. Бір қызығы, қазақ қоғамына медиация рәсімі ежелден бері қолданылып келеді. Ғасырлар бойы дауларды құрметті билер ақсақалдарының көмегімен шешу дәстүрі болған [4]. Осыған дәлелтабу үшін тарихымызға үңілсек болады. Мәселен, қазақ жерінде сот жүйесі елімізге таңсық және жат деп те айтуға болады, Ресейдің сот жүйесі XX-ғасырдың 30-шы жылдарында Қазақ сахарасында толық жұмыс істеді деп айту қиын. Әр түрлі даулар, мысалы алғанда жер дауы, жесір дауы билердің шешімімен іске асырылды. Билер шешімі екі жақты толығымен тыңдап, екі жақты да қанағаттанарлық шешім шығарған. Тіпті Ресейдің кейбір өңірлерінен өз дау дамайларын шешу мақсатында империялық сотқа емес, арнайы Қазақ жеріне билерге келіп жүгінген [5]. Осы жағдайларды ескере отырып, билер институты қазіргі медиация институтымен салыстыра отырып қайта жаңғырғанын көріп отырмыз.

Осы мәселелерді еске ала отырып, 2011 жылы Қазақстанда «Медиация туралы» заң қабылданды. Медиация институтын Қазақстанда жаңалық ретінде қабылдау әбестік болар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып татуластырған дана билеріміздің бітімгершілік саясаты егемен елімізге жаңа серпінмен келгеніне келісуге болады.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру аясында іс жүргізу заңнамасы мен құқық қолдану практикасына қалпына келтіру әділ соты - медиация, құқық бұзушылықтарды соттан тыс реттеу элементтеріне енгізілді. Бұл қажеттілік қылмыстық саясатты ізгілендірумен де, процедураларды оңтайландыру қажеттілігімен де байланысты.

«Медиация туралы» заң жобасын қабылдауда Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі ерекше. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлының бастамасымен елімізде медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық жағдайын нақтылау туралы атап көрсеткен. Сол себептен бүгінгі таңда медиация институтының құқықтық-ұйымдастырушылық аспектілері өзекті мәселе болып саналады.

Қазір Қазақстанда медиация мен бітімгершіліктің бірыңғай орталығы жұмыс істейді. Орталықта медиация негіздерін оқытудан өткен мамандар жұмыс істейді. Медиаторлар адамдарға бір-бірін тыңдауға және даулы құқықтық мәселелер бойынша белгілі бір шешім табуға көмектеседі. Медиация идеясын Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткерлері Р. Тлеухан, А.Б. Пак, Е.А. Әлімбет, И. И. Рогов, С. Ф. Бычкова, С. А. Дьяченко және басқалары белсенді алға тартты [6]. Бірақ, сонда да, еліміздегі медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық жағдайын жақсартуға бағытталған идеялар жоқтың қасы.

Бүгін өңірлерде медиация институтын ілгерілету Қазақстан халқы Ассамблеясы белсенді түрде айналысады. Өңірлік дөңгелек үстелдер, тыңдаулар, отырыстар жүргізіледі. Ондаған медиация бірлестіктері бар, олар өз күштері мен мүмкіндіктеріне қарай сол іспен айналысады. Алайда, арада 10 жыл бойы шешілмеген мәселелер көп екенін мойындайық. Оларды қала немесе

облыс деңгейінде шешу мүмкін емес. Мұнда мемлекет деңгейінде шешу қажет. Осы және басқада проблемалар мен мәселелерді осы біздің диссертациялық жобамызда қарастырып, егжей-тегжейлі зерттеп, қолданыстағы Медиация туралы заңға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу керектігін дәлелдеуге бағытталдық. Қазір Қазақстанда медиация мен бітімгершіліктің бірыңғай орталығы жұмыс істейді, онда Медиация негіздерін оқытудан өткен мамандар жұмыс істейді. Медиаторлар адамдарға бір-бірін тыңдауға және дауды құқықтық мәселелер бойынша белгілі бір шешім табуға көмектеседі. Медиация идеясын Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткерлері И.И. Рогов, С. Ф. Бычкова, С. А. Дьяченко және басқалары белсенді алға тартты.

Қазіргі кезде медиация институтын ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілерін зерттеуге көптеген ТМД елдерінің ғалымдары өз еңбектерін арнаған. Солардың қатарына келесілер кіреді: Ц.А. Шамликашвили, А. Скаков, Т.Е. Абаева, Т.В. Рожкова, Л.М. Корнозова, А.С. Василенко, Н.И. Минкина, А.Н. Ағыбаев, Е.І. Қайыржанов, Ғ.Ы. Баймурзин, О.В. Ким, С.Г. Пен, З.О. Ашитов, Н.М. Әбдіров, Г.Р. Рустемова, О.Н. Тлепбергенов және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Зерттеудің мақсаты, міндеттері, объектісі және пәні.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан Республикасында медиация институтының қолданудың теориялық және практикалық, ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілерін жан-жақты зерттеу, қолданбалы проблемаларын анықтау. Осы зерттеу аясында анықталған проблемалар мен мәселелерді шешу жолдарын жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Жоғарыда көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін, зерттеу барысында келесі міндеттер қойылады:

- Медиация институтының құқықтық қызметі, мақсаты, объектілері және ұйымдастыру субъектілеріне түсініктеме беру;
- Қазақстан Республикасындағы медиация институтын жүзде асырудағы, қолданудағы қажеттіліктерін қарастырып және зерттеу;

- Қазақстан Республикасындағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық қызметінде жүзеге асырудағы проблемаларын анықтау;
- Анықталған проблемаларды шешу мақсатында қолданыстағы Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңына толықтыру жасауға ұсыным енгізу;
- Шетелдегі медиация институтын қолданудағы озық үлгілерін қарастыра отырып Қазақстан Республикасындағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық қызметінің іске асырудың күрделі мәселелерін зерделеп және оларды жоюға негізделген ұсыныстар әзірлеу;

Зерттеу объектісіне – Қазақстан Республикасындағы медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілері.

Диссертациялық зерттеудің пәнін -Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнама нормалары, ұқсас зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері, сот-тергеу тәжірибесінің іс-құжаттары, сонымен қатар құқық қорғау органдары, сот және прокуратура қызметкерлерінің тәжірибелік ой-пікірлері құрайды.

Зерттеу жүргізудің әдістері мен әдістемелік негіздері зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері, атап айтқанда талдау, синтездеу, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-құрылымдық, функционалдық-құрылымдық, құқықтық және формальды-логикалық әдіс-тәсілдері құрады. Сонымен қатар, статистикалық мәліметтерді талдау, сауалнама жүргізу сияқты зерттеудің нақты әлеуметтік әдістері қолданылады.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі, зерттеудің теориялық базасы:

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі болып, автордың Қазақстан Республикасының медиация институтындағы ұйымдастырушылық-құқықтық проблемаларын анықтау және шетелдегі медиация институтымен салыстыра отырып осы анықталған проблемаларды шешу бағытында жаңа әдіс тәсілдерді қолдануды ұсынуы.

Зерттеудің нормативтік базасын құрайтындар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының медиация туралы заңы, Медиация/делдалдық нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық әлемдік келісімдер туралы БҰҰ конвенциясы, ол сондай-ақ делдалдық нәтижесінде қол жеткізілген бітімгершілік келісімдерді орындау туралы БҰҰ Конвенциясы, делдалдық/медиациядан туындайтын халықаралық есеп айырысу келісімдері туралы БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот нормативтік қаулылары, ҚР Бас Прокуратурасының статистикалық мәліметтері және т.б.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1) Қазақстан Республикасының медиация институтын дамыту мақсатында және осы зерттеудің аясында анықталған ұйымдастырушылық-құқықтық проблемалардың бірі ретінде мемлекетіміздің медиация ұйымдарын орталықтандыру бағытын ұсыну. Бұл орталық бүкіл жергілікті одақтастықтардың басын қосатын, медиация заңына сәйкес қағидаттарға қайшы келмейтін, бірақ еліміздің барлық медиаторларын бір реестрға тіркейтін, және қандайда ұйымдастырушылық сұрақтарға жауап бере алатын болуы тиіс. Осы ережені зерттеу барысында толыққанды қамтып және түсіндіре аламыз. (орталықтандыру бірыңғай саясатты жүзеге асыратын, тізілім жүргізетін, рұқсат беру құжаттарын беретін, бірыңғай стандарттар мен тарифтерді белгілейтін, сондай-ақ оқыту орталықтарын сертификаттайтын медиаторлардың бірыңғай қауымдастығын құру мәселесін қарастырудан көрінеді);

2) Халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауда, сондай-ақ олардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында тегін медиация енгізу арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

Ол үшін біз шетелдегі медиация институтын қолданудағы озық үлгісі ретінде, анықтап айтқанда Голландия еліндегі тәжірибені қолдануды ұсыну. Атап айтқанда адвокаттар көрсететін қызметтер ұқсастығы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары үшін мемлекеттік құқықтық көмек есебінен

медиаторлар қызметтеріне ақы төлеу мүмкіндігін қарау (мысалы, Голландияда уәкілетті мемлекеттік орган медиация бюджет есебінен төленетін белгілі бір сағат санын белгілейді. Егер осы мерзім ішінде тараптар келісімге келмесе, артық сағатты тараптар төлейді);

3) Психологиялық дайындық сертификатының міндетті болуын ұсынамыз. Яғни, медиация барысында медиатордың бірінші белгісі, ол әр тараппен өзара мәмілеге келе алуы, яғни психологиядан хабардар қабілеттері болуы тиіс деп санаймыз. Сондықтан, Медиация туралы заңына толықтыру енгізуді ұсынамыз: 2 тарау, 9-бапта 4-бөлігіне 1 тармақшағатолықтыру келесі редакцияда:

4. Медиатордың қызметін кәсіби негізде жүзеге асыра алады:

1) жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бекітілетін медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан және **психология курстарынан өткенін** растайтын құжаттары (сертификаттары) бар және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар; (бірінші ұсынымымызға сәйкес, орталықтандырылған ұйым сертификаттау қажет, яғни орталықтандырылған ұйымда арнайы медиатордалды психологияға баулу және медиация барысында қолдана алуын үйрету мақсатында).

Зерттеу кезеңдері, күтілетін нәтижелер және оларды енгізу мен апробациялаудың болжанатын бағыттары. Магистрлік диссертацияның зерттеу ережелері автормен жарыққа шыққан төмендегі ғылыми мақалаларда көрініс тапқан:

- ҚР Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының журналында ғылым қызметкерлері күніне арналған «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Қазақстан Республикасындағы медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілері» атты мақала. (Нұр-Сұлтан, 2021 ж.)

- «Халықаралық Астана университетіндегі» ғылыми журналында «Медиация адам құқықтарын қорғаудың инновациялық нысаны ретінде» тақырыбындағы мақала. (Нұр-Сұлтан, 2021 жыл қараша)

- «Bolashaq» академиясы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағында «Бірліктің бастауы – бітімгершілік» атты мақаласы жарық көрді. (Қарағанды қ. 2021 жыл, желтоқсан)

- ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты ұйымдастырған «Ішкі Істер органдарының халыққа сервистік қызмет көрсетуі: проблемалары және оларды шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясының жинағында «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіндегі татуластыру рәсімінің рөлі» тақырыбындағы мақала жарыққа шықты. (Ақтөбе қ., 2021 жыл қараша)

1 МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

1.1 Медиацияның түсінігі, мәні және тарихы

Қазіргі қоғамда азаматтардың құқығын қорғауда және әр-түрлі дауларды реттеудің қолданыстағы тетіктерін жетілдірудің басым бағытының бірі татуластыру рәсімдерін дамыту болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасында 2011 жылы 28 қаңтардан бастап «Медиация туралы» №401-IV заң түріндегі нормативтік құқықтық акт қабылданды.

Құқықтық дауларды шешудің балама тәсілдерінің бірі медиация институты – делдалдың қатысуымен келіссөздер жүргізу бойынша ерекше орын алады. Медиация әдістері негізінен келіссөздерді ынтымақтастық арнасына енгізу және оларды өзара тиімді нәтижеге бағыттауға негізделген.

Осыған орай, медиация ұғымын толығырақ зерттеуге бағыт алдық. Медиация (латын тілінен *mediare* – делдал деген ұғымын білдіреді) – бұл жанжал мен дауларда қатысатын тараптар арасында ерікті өзара тиімді келісім жасауға ықпал ететін, бейтарап үшінші тұлға, яғни медиатор немесе делдал деп аталатын жанжал мен дауларды шешу процессі [7].

Қазақстан Республикасында «медиация» термині басқа да постсоветтік кеңістіктегідей жақын арада қолданыла бастағаны бәрімізге мәлім. Тарихта совет үкіметі уақытында құқықтық қолданыста болмаған. «Медиация» термині шетелдік тілден шыққандықтан оның қазақ тілінде этимологиясын табу мүмкін емес. Бұл түсініктің әр түрлі анықтамасы құқықтық әдебиеттерде алуан түрлі. Мысалы ретінде алсақ, «Медиация – жанжалдасушы тараптардың дауды реттеуге жәрдем беретін үшінші тарап – делдалдың (медиатордың) көмегімен оларды ерікті келіссөзге кіруі арқылы татуласы рәсімі»[8]. Бұл анықтамада негізгі екпін үшінші тараптың рөліне түседі.

«Медиация – бұл дауға қатысатын тараптар арасындағы консенсусқа негізделген өзара тиімді шешімге келетін жол»[9]. Бұл айтылған анықтамада қақтығыстардың аяқталуын «өзара қолайлы шешіммен» ерекшеленеді.

«Медиация – жанжалдарды шешудің баламалы тәсілдерінің бірі. Дауларды баламалы шешу – мемлекеттік сот жүйесінен тыс өтетін еріктілік, теңдікке негізделген, дауласушы тараптардың келіспеушіліктерін реттеуге бағытталған процесс»[10]. Автор бұл жерде рәсімнің соттан тыс шеңберіндегі қақтығысты шешу түрінде жалпыға бірдей танылған мемлекеттік реттеудің баламалығына назар аударған.

«Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі». Бұл айқындама 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» ҚР заңында бекітілген[11]. Осы анықтамалардан медиацияның мынадай белгілерін ажыратуға болады:

- бұл дауды шешудің баламалы тәсілі;
- ол тараптардың ерікті түрде қатысуына негізделген;
- тараптардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәсілі;
- бұл дауды шешудің өзара қолайлы жолдарын іздеу;
- тараптардың өзара құрметке негізделген тең құқылығы;
- бейтарап қатысушы-медиатордың қатысуы.

Медиация өзінің әмбебаптығына байланысты әлем мемлекеттерінің басым көпшілігінде қоғамдық қатынастардың ең танымал құрамдас бөлігіне айналды. Бұл жағдай ғалымдарды осы институттың рөлін, маңыздылығын анықтауға итермеледі. Мысалы, медиация «келіссөздер арқылы қарым-қатынас диалогында қарым-қатынас мәдениетін құруға бағытталған адамзаттың жаңа идеологиясын білдіретін философиялық категория ретінде қарастырылады. Медиацияның психологиялық аспектісі, ол дауласушы субъектілердің жағымсыз эмоцияларымен ауырлататын, тараптарды қанағаттандыратын ымыралы шешімді табу арқылы жанжалды жоюға бағытталған қарым-қатынас ретінде көрінеді»[12]. Шынында да, медиация адамзаттың жаңа, өркениетті идеологиясын көрсетеді, онда тараптар келіспеушіліктерді шешудің ең жұмсақ жолын іздейді.

Осылайша, медиация дегеніміз – оның нәтижесіне тікелей мүдделі емес үшінші тарап қатысатын қақтығыстың аяқталуы. Үшінші тараптың рөлін бір адам, кәсіпқойлар тобы немесе тіпті мемлекет орындай алады. Медиацияның мақсаты қандайда белгілі бір жанжалға екі тараптың келісімімен араласып жағдайды екі жаққада оңтайлы шешуі[13].

Ал медиация рәсіміне шолу жасасақ – медиатордың көмегімен дауларды реттеу рәсімінің бір түрі болып табылады, яғни екі қарама-қарсы тараптың ерікті түрде тиімді келісімге келуі деп айтуға болады.

Егер төрелік немесе сот кезінде жанжалға қатыспайтын және бейтарап болып табылатын үшінші тұлға (төреші, сот) тараптар ұсынған ақпаратты жинап және тындап, тараптардың орындауы үшін міндетті шешімнің өзін қабылдаса, медиация кезінде бейтарап үшінші тұлға (медиатор) тараптардың өздеріне проблеманы талқылау барысында шешім табуға көмектеседі.

Медиатор қақтығысушы тараптар арасындағы қарым-қатынас процесін жеңілдетеді, бір-біріне ұстанымдар мен пікірлерін түсінуге ықпал етеді, тараптарды мүдделеріне бағыттайды және оларға ортақ келісімге бірлесіп келуге мүмкіндік бере отырып, мәселенің нәтижелі шешімге келуіне көмек береді.

Ал медиация процесінде тараптар шешім қабылдауға жауап береді, ол үшін олар істің мән жайын нақты түсініп, мүмкін болатын шешімдерді ұсынуы керек және соңында шешім қабылдау керек екенін байқаймыз. Осылайша, шешім қабылдау үшін жауапкершілік толығымен тараптарға жүктеледі. Бұл процестегі медиатордың рөлі штурманның рөліне ұқсас: белгілі бір әдістерді біле отырып, ол тараптарды шешім қабылдау процесіне бағыттайды және соңында олар бірлесіп қабылдаған келісімге әкеледі.

Медиатордың бірінші кездегі міндеті тараптарды келіссөздерге сындарлы көзқарас қалыптастыру болып табылады. Әдетте, қақтығыс жағдайына тап болған адамдар қарама-қарсы тарапты туындаған проблема үшін айыптайды, сондықтан олар көбінесе негізгі мәселені қарсыласынан көреді. Медиатордың міндеті – тараптарды мәселенің шешімін бірлесіп іздеуге бейімдеу, оны әр

түрлі көзқарастарды білдіретін адамдардан бөлек қарау керек. Бұл тараптарды баптайтын және оларға кінәлілерді іздеудің және оралдың дұрыстығын дәлелдеудің орнына әділ және барлығын қанағаттандыратын келісім бойынша жұмыс істеуге көмектесетін медиатор.

Медиатордың мақсаты болуы қажет, осыған тоқатала кетсек, ол көбінесе адамдар келіссөздерге жалғыз мақсатпен келеді – өз көзқарастарын қорғау, олар қарама-қарсы тараптың мәселелеріне қызығушылық танытпайды. Бұл әр тараптың өз жеңісіне және қарсыласын жеңуге деген ұмытылысына әкеледі. Нәтижесінде келіссөздер «жеңіс – жеңіліс» қағидаты бойынша құралады.

Мысалы, бір тараптың бұл мәселені өз көзқарасы бойынша қалай дұрыс шешуге болатындығы туралы ұсынысы екінші тараптың күрт қарсылығын тудыруы мүмкін, ал жанжал тек күшейе түседі. Яғни олардың қарым-қатынасы одан әрі бұзылады. Осы жерде медиатор тараптардың бірлескен жұмысын қамтамасыз етеді, екі тараптың мүдделерін ескеретін, орындалатын шешімдерді табуға көмектеседі, осының бәрі медиатордың мақсаты болып саналады.

Татуластыру рәсімдерінің негізгі міндеті – тараптарды консенсусқа келтіру. Медиатор ешкімді соттамайды және шешім қабылдамайды, ол тараптарға өзара тиімді шешімге келуге көмектеседі. Медиация институтының ең маңызды артықшылықтары – соттық шығындар мен қаржылық шығындар, сондай-ақ қазіргі уақыттың жетіспеушілігіне қарай уақыт шығынын үнемдеу және бәсекелестік заманына сәйкес құпиялылық артықшылығы зор рөлін атқарады. Медиация рәсімін өткізу үшін ең бастысы тараптардың бір келісімге келу ниеті болып табылады.

Медиация туралы заңында, рәсім қағидаттарға бағынатыны жазылған:

- 1) еріктілік;
- 2) медиация тараптардың тең құқылығы;
- 3) медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы;
- 4) медиация рәсіміне араласуға жол берілмеушілік;
- 5) құпиялылық.

Еріктілік қағидатының түсінігі:

- тараптардың медиация туралы шартта көрсетілген өзара ниет білдіруі;
- медиация тараптары оның кез келген сатысында бас тартуына құқығы;
- тараптардың өз қалауы бойынша материалдық немесе процессуалдық құқықтарын иеленуге.

Ал медиация тараптарының тең құқылығы дегеніміз:

- тараптар медиаторды, рәсімді, ондағы өз ұстанымын, оны талап ету тәсілдері мен құралдарын таңдау кезінде, ақпарат алу кезінде, дауды реттеу туралы келісім шарттың қолайлығын бағалауда тең құқығын пайдалана алуы болып саналады.

Рәсіміне араласуға жол берілмеушілік бірнеше түсінікті білдіреді:

- медиацияны жүргізу кезінде медиатор әкімшілік органдардан, өзге де заңды, лауазымды және жеке тұлғалардан тәуелсіздігі;
- медиатордың бейтараптығына кедергі келтіретін жағдай болса бас тарту мүмкіндігі;
- медиацияны жүргізу кезінде Қазақстан республикасының Медиация туралы заңында көрсетілген аталған адамдар тарапынан араласуына жол берілмейді.

Соңғы қағидат құпиялық түсінігі:

- медиация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиация тарапының жазбаша рұқсатынсыз жария етуге құқылы еместігі.

Осылайша, медиацияны сот процесімен салыстырмалы қарасақ бірқатар артықшылықтарға ие деп қорытынды жасауға болады.

Медиацияның артықшылығына тоқтала кетсек, ол уақыт үнемділігі. Бұл сәтте дауды түпкілікті шешу мерзімі мемлекеттік құрылымдарға тәуелді болмайтындығына байланысты. Белгілі жағдайларда рәсімнің созылуы экономикалық компоненті болуы мүмкін.

Сондай-ақ медиация әр-түрлі артықшылықтарды көздейді:

- өтініш негізі – екі тараптың келісімі;

- шешімді тараптардың өз мүдделеріне сәйкес қабылдайды және өздері орындалуын қадағалайды;

- медиатор шешім қабылдауға ғана ықпал етеді;

- уақыт пен қаражатты үнемдеу;

- рәсімнің толық құпиялылығы және т.б.

Әлемдік тәжірибені ескере отырып Қазақстан медиация институтын құқықтық жүйеде 2011 жылы заңды түрде нақтылады. Басқа шет елдердің тәжірибесіне көз жүгіртсек медиатордың қатысуымен даулы жағдайларды реттеуге басым жағдайда келісім жасасумен аяқталатынын куәландырады.

Сонымен қатар, медиацияны енгізу құқықтың әртүрлі салаларында да, құқықтан тыс даулар саласында да жанжалдарды шешудің қолданыстағы практикасына және профилактикасына белсенді және оң әсер етеді. Медиация қазіргі мағынада XX ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Біріншіден, - АҚШ, Австралия, кейіннен біртіндеп Еуропа елдерінде тарала бастады. Медиация институтын қолданудың ең алғашқы тәжірибесі отбасылық қатынастар саласындағы жанжалдарды шешу кезінде жасалды. Кейіннен медиация отбасылық даулардан бастап, нарықтық және қоғамдық саладағы күрделі көпжақты жанжалдарға дейін кең ауқымды дауларды шешуде танылды. Әлемдік тәжірибе бізге медиация институтын заңнамалық тұрғыдан бекітудің көптеген мысалдарын беріп отыр. АҚШ-та бүкіл құқық жүйесі даулардың көпшілігін сотқа дейін тараптардың өз еркімен шешуге бағытталған, ал соттар отырыс кезінде тараптарға медиатормен жұмыс істеуге кеңес берген[14].

Өз еліміздегі тарихқа көз жүгірсек, 1991 жылы Тәуелсіздік алып, бүгінде отыз жылды артқа тастап көпшілік қызыға көз тастайтын егемен еліміздің бағындырған биігі, алған асуы, жеткен жетістігімен марқайып мақтануға болады. Жас баладай қаз-қаз басқан мемлекетімізді аяқтан тік тұрғызып, әлем елдері картасынан ойып тұрып өз орнын алуына, шегенделген шекарасын бекітуге, дәрежесін халықаралық деңгейге, биік белеске, асқар шыңға жетуіне Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Осы жылдар аралығында

елдің дамуы жолында әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар мен стратегиялардың бастауын бастаған тұлға да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екені ақиқат. Қазақстан Республикасы деген қасиетті қазақтың қастерлі жерді, қазақтай текті халықты әлемге таныту үшін аянбай қызмет етіп, тер төккендігін бүгінгі жас ұрпақ зор мақтанышпен айтатыны анық. Өзгелер қызыға да, қызғана көз салатын біздің мемлекетіміздің болашағы бұдан да жарқын, келешегі кемел болуы үшін әлем елдерін мойындатқан мықты саясаткер Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы жайлы әлемдегі ең танымал әрі беделді саясаткерлер жылы лебіздерін білдіруден шаршаған емес. Мәселен, Маргарет Тэтчер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы: «Бүгінгі таңда әлем бес-алты ықпалды саясаткерді біледі. Олардың қатарында Нұрсұлтан Назарбаев та бар» десе, АҚШ конгресмені Крис Кэннон: «Мен жас Қазақстанның дамуын үлкен ықылас қоя қадағалап жүрмін. 1991 жылы бұрынғы Кеңес Одағынан тәуелсіздік алған сәтінен бастап, бұл ел таңғаларлық саяси және экономикалық жаңғыруларды басынан кешірді. Қазақстан қарыштап алға басып келеді, әрі дұрыс бағытта келе жатыр. Қазақстан қалыптасты, бұған оның басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі үлкен. Мен Қазақстан табыстарының сәулетшісі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси көрегендігін жоғары бағалаймын, ол айтылып жатқан сындарға қарамастан, елін қуатты экономикалық мемлекеттердің қатарына қосып, бұрынғыдан да ауқымды саяси реформалар жасауға кірісті» деген болатын. Біздің Елбасының мықты стратегиялық бағдарламалар мен ел дамуы жолында жасаған реформаларының нәтижелі атқарылып келе жатқандығын осындай пікірлерден жақсы аңғаруға болады десек қателеспейтініміз анық[15].

Егемендік алғаннан бері Елбасы халыққа арнаған жарқын да жасампаз, жігерлі де нәтижелі бастамаларын үзбей айтып келеді. Соның нәтижесінде халық күрделі кезеңнен аман-есен өтіп, жаңарған, жаңа жетістікке жеткен, әлемдік қауымдастық қатарынан орын алған, дамыған, кемелденген мемлекетте берекелі ғұмыр кешіп келеді. Қысқасы, Елбасы мемлекетті жаңа арнаға бұру арқылы дамытып, экономикасы мен сыртқы, ішкі тұрақтылықты сақтап,

дамудың даңғыл жолын көздеп, тұрақты әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастырды. Жаңа кезеңге аяқ басудағы ерен еңбегі жоғары бағаланды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауы, Үндеуі, мақаласы халқымыздың терең тарихтан тағылым алып, жарқын болашаққа сеніммен қадам басуына серпіліс берген стратегиялық мазмұнды әрі құнды құжат деп қарауымыз керек. Әсіресе, халық игілігі жолында қабылданып, бекітілген Заңдарды барлығымыз білуге міндеттіміз. Соның ішінде біз ең алғаш Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Медиация туралы» Заңның біздің елде салтанат құруына көп ықпал етті. Біз дәл осы заңға ерекше тоқталғаны жөн санадық.

Мәселен, 2013 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазақстанда соттан тыс делдалдың көмегімен бітістіру процесі – медиация институты құрылды. Бұл екі жақ та келісетін шешім қабылдануы мүмкін істерді қараудан соттарды біртіндеп босату үшін алғышарт жасайды. Бұл институтты дамытып, әлемдік деңгейге жеткізу қажет. Қазақстанның құқық жүйесін дамытудың ауқымды әлеуеті әсіресе әлеуметтік саладағы даулар мен қақтығыстарды шешудің баламалық жолдарын енгізуде жатыр. Медиация туралы заңнаманың жетілмегендігі біздің еліміздегі даулы жағдайларды реттейтін соттық емес институттардың дамуын тежеп отыр. Биылғы жылы барлық істің 1 пайызы ғана медиация тетіктерінің пайдаланылуымен қаралды. Медиация туралы отандық заңнаманы халықаралық стандарттармен сәйкестендіру керек. Бұл Қазақстанның сот жүйесіне оң ықпал етеді, соттардың жүгін жеңілдетуге септігін тигізетін болады. Сонымен қатар іскерлік белсенділікті арттыруға, елде қолайлы инвестициялық ахуал орнатуға әсер етеді», деген болатын. Алайда бұл медиация институтының жұмысы Елбасы айтқандай жанданып кетпеді. Мүлдем жұмыс жүргізілмеді дегеннен аулақпыз алайда нәтиже көңіл көншітпегені анық. Осыны алға тартқан мемлекет басышысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында Медиация туралы Заң бойынша үмітіміз әлі

ақталмағанын, бүгінге дейін бірде-бір мемлекеттік орган осы медиация институтын дамытумен айналыспағандығын ашық айтты. Демек, 10 жыл бұрын қабылданған Заң өз деңгейінен аса алмады деген сөз[16]. Мұның себептері мен салдары да сан алуан. Жалпы, медиация институты бүгінгі таңда барлық мүмкіндіктер мен әлеуетті іске асырмайды деген пікірмен көпшілік келіседі деген ойдамыз. Сондықтан бұл мәселенің негізгі себептеріне тоқтала кетейік. Әуелі, қарапайым халық медиацияның барлық мүмкіндігі мен әлеуетін жеткіліксіз біледі. Сонымен қатар, олардың медиаторға деген сенімдері аз. Өйткені кәсіби мықты, білімді де білікті медиаторлар санының аздығы да медиация институтының дәрежесін көтермей тұр. Қазір ақпараттық технологияның дамыған яғни, жаһандану заманы десек те халықтың құқықтық сауаттылығы мен мәдениеті төменү Халық арасында қорғаудың тек сот және әкімшілік нысандары арқылы субъективті құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы қалыптасқан стереотиптер де бұл саланың дамуына біршама кедергі келтіруде. Бүгінгі таңда медиация институтын дамыту бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың жақсы белсенділік танытып отырғандығын ерекше атап өткеніміз жөн. Бірақ бұл көрсеткіш республика көлемімен есептейтін болсақ тым төмен жұмыс көрсеткішін көрсетеді. Медиация институтын дамытудың бір тетігі ретінде Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында негізгі бағыт ретінде ұсынып, нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Бұл бойынша республиканың әр өңірінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесіндегі осы салаға жауапты мамандар барынша жақсы нәтиже көрсетуге тырысып бағуда.

Медиация халықаралық құқықтың өте ескі құралы болып табылады. Егер біз тарихтың тереңіне үңілсек, онда қандайда бір дауларды шешу үшін нормалар мен иерархиялық тәртіптермен емес, келіссөздер арқылы қол жеткізуге болатын шешімдер болғаны анық. Мысалыға алсақ, отызжылдық соғысқа нүкте қойған медиация болатын. Дегенмен, бүгінгі медиация XX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болды немесе қайта жаңғырды десек қателеспесбіз. Алдымен медиация АҚШ, Англия және Австралияда қоныстанды, кейінірек

Еуропада пайда болды – Франция, Бельгия, Нидерланды, Германия, Австралия, Италия, Швейцария.

Медиацияны қолдана отырып, кейбір жағадайларда бұл әдістің мүмкіндіктері сот ісін жүргізуден асып түсетіні белгілі болды. Медиация бір буынды позицияны дамытуды талап етпейді, бірақ тараптардың мүдделері үшін көзқарастардағы айырмашылықтарды қабылдауды болжайды. Осы фактіні түсінуге келгенде, дәстүрге бай, жақсы жұмыс істейтін әділет жүйесі бар Еуропа елдері медиацияны құқықтық жүйеге біріктіре отырып, осы әдісті қабылдады.

Медиация, қазір қалай қолданылатыны - ойластырылған, жылтыратылған әдіс және құрылымдалған процесс. Сонымен қатар, бұл заң, психология, әлеуметтану, конфликтология және басқа ғылымдар біріктірілген пәнаралық сала болып қала береді.

Қазіргі өркениетті қоғамда медиацияға деген сұраныс көбінесе иерархияның жойылуына және қатынастардың өсуіне ықпал ететін жаһанданумен байланысты. Бұл әлеуметтік құрылымның барлық деңгейлерінде - отбасында, экономика мен еңбек әлемінде, мемлекеттік басқару практикасында көрінеді. Қазіргі әлемде болып жатқан процестер кейде туындайтын даулар мен қақтығыстарды шешудің жаңа ерекше тәсілдерін қажет етеді.

Қазақтай текті халық жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп, адал жолмен нан тауып, түзу жолмен жүруі тиіс. Бойымызға әкенің таза қанымен, ананың ақ сүтімен сіңген асыл қасиеттерден, ар алдындағы адалдықтан аттау бізге тән қасиет емес. Ал әділ, турашыл, шыншыл болуға біз міндеттіміз. Дана халқымыз, «Тура биде туған жоқ», «Билік айту оңай, біліп айту қиын» деген аталы сөзден ешқашан да аттамаған. Бұл біздің ата-баба бойындағы таза мінездің бізге бірелген жұрнағы. Біз татулықты, сыйластықты, береке мен ынтымақтытың қадірін терең түсінген халықпыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатының нәтижесінде біздің бейбіт елімізде 130дан астам этнос өкілдері бір атаның баласындай тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді.

Мұның өзі Елбасының ерен еңбегі, сындарлы саясатының жемісі. Осы тұрақтылық пен келісімді, татулық пен беркені сақтау бәріміздің азаматтық парызымыз. Ел ішінде орын алған келеңсіз жағдайлар мен түрлі оқиғаның ымырамен, бетімгершілік жолымен шешілуі үшін біз мақаламыздың өзегі еткен медиатор институтының дәредесін асырып, ауқымын кеңейте түсуіміз керек. Ең бастысы, қара қылды қақ жарып әділ шешім қабылдаған ата-бабаның ар тазалығы лайланбаса дейміз. Сондықтан медиатор адал, әділ болуы аса маңызды. Себебі, қазақ қазы – халықтың олжасы деп текке айтпаған. Медиация институты да сот жүйесінің дамуы секілді үздіксіз жетіліп отыруы қажет. Осы бағытта айқын мақсаттар мен нақты тапсырмалар бойынша жұмыстар тоқтаусыз жүргізілуі тиіс. Заңды сыйлайтын, сотына сенетін, медиатор қызметін пайдаланатын қоғамды ең дамыған қоғам деуге болады. Әділ төрелік пен адал қызмет етуді көздеген медиатордың білім мен біліктілігін арттыру жолында мемлекет тарапынан да жағдай жасалса бұл институттың жетістігі мол болары анық[17].

Осылайша, медиация институтының түсінігін, мәнін және тарихын зерттеу барысында қорытынды да жасалды. Қорыта айтсақ, бүгінгі күні, яғни интеграцияланған жүйелер әлемінде кәсіби медиаторды табу қиынға соғуда, себебі Қазақстан Республикасында медиация институтының орталықтандырылған органы жоқ болғандықтан. Осығын орай, және еліміздің басшысының өзекті тапсырмасының шешімінің бірі ретінде, осы медиацияның қағидаттарымен бірге жүретін, сонымен қатар, заманауи стандарттарға сәйкес әзірленген жаңа орталықтандыру органын ашу болып табылады. Бұл орган тәуелсіз бола тұра, бірақ Қазақстан Республикасының азаматтарының барлық құқықтарын бұзбауы тиіс.

ҚР ІІМ-ң ресми мәліметтері бойынша, «Медиация туралы» Заңының өз күшіне енгеннен бастап, осы рәсіммен республика бойынша қысқартылған істер санының көбею заңдылығы байқалып отыр. (кестені қара).

Кесте

Қысқартылған істер саны

Жылдар	Медиация тәртібімен қысқартылған істер саны
2019	4494
2020	3274
2021	2794
2022 ақпан	218

Елімізде медиацияны қолданудың аясын кеңейту және оны насихаттау бағытында сот жүйесінің қосып жатқан үлесін атап өткен жөн.

Бүгінгі күні сот жүйесін одан әрі жетілдіру тарапына ерекше көңіл бөлініп, заңнамаларға өзгерістер енгізілді, оның ішінде дауларды шешудің балама амалдарын қолдану аясын кеңейтуге айрықша мән беру басты талапқа айналып отыр.

Медиация қызметін әрі қарай дамыту, халық арасында медиацияның бағыт-бағдарын түсіндіру, әлеуметтік шиеленістерді болдырмау үшін және өңірде қоғамдық келісімді нығайту үшін іс-шаралары облыс әкімдігі мен облыстық сот арасында ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде тиімді жүзеге асырылуда. Облыстық сот және облыстық ассамблея хатшылығы арасындағы бекітілген бірлескен тәжірибелік іс-қимыл жоспары аясында біраз тыңдырылымды жұмыстар атқарылды.

Мемлекетімізде медиация институтын мемлекет тарапынан қолдаудың бір қадамы – ол Қазақстан халқы Ассамблеясының нақты жұмысқа жұмылдырылуы деп те айтуға болатыны сөзсіз. Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеяның XXIV сессиясында медиацияны дамыту – Ассамблеяның негізгі бір бағыты екендігін айқындап берген болатын. Елбасымыздың осы бағыттағы тапсырмасы және мемлекетіміздің дамуына және ел болашағына бағытталған келешек үшін маңызды «Бес институционалдық реформа бойынша жүз нақты қадам». Ұлт жоспарын өңірімізде орындалуын жүзеге асыру мақсатында 2016 жылдың 22 сәуірінде Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мен Батыс Қазақстан облыстық соты арасында өзара ынтымақтастық туралы

меморандумға қол қойылды. Меморандумда сот қызметінің кейбір бағыттары бойынша, оның ішінде дауларды шешудің балама амалдарын қолдану аясын кеңейту, ақпараттық технологияларды сот ісін жүргізуде кеңінен қолдану мәселелері қарастырылған.

2016 жылдың маусым айының 30 жұлдызында Жоғарғы Сотпен Қазақстан Халқы Ассамблеясы өз арасында татуластыру рәсімдері саласын дамыту туралы өзара әріптестік меморандумының орындалуын жүзеге асыру бағытында арнайы жұмыс тобы құрылған, Батыс Қазақстан облысы халқы Ассамблеясымен және Облыстық сотпен бекітілген қадамдық іс-шаралар жоспары мен медиа-жоспар әзірленді. Жоғарыда көрсетілген жоспарлы іс-шаралардың нәтижесінде «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде медиация бөлмесі ашылып, техникалық құрал-жабдықтармен және әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда медиация бөлмесі толыққанды жұмыс жасауда [24].

Облыс бойынша 150 медиация кабинеті ашылды. Оның 6-уы қалада, 14-і аудан орталығында, 130-ы ауылдық округтерде жұмыс істеуде. Бұл жұмысқа 224 кәсіби емес медиаторлар тартылды. Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан халқы Ассамблеясында 268 медиатор (40 — кәсіби, 224 — кәсіби емес, 4 — доғарыстағы судья) кіретін кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың тізімі жасақталды. Қазіргі уақытта облыстағы медиация кабинеттерімен азаматтар арасында 2000-нан аса медиациялық келісім орнатылған. Республикада Қазақстан халқы Ассамблеясы, соның ішінде БҚО ҚХА медиацияны дамыту және оны насихаттау мақсатында түрлі мемлекеттік және мемлекеттік құрылымдармен жүйелі жұмыс бастауда. Облыстық «Орал өңірі» мен «Приуралье» газеттерінде, «Қазақстан-Орал» телеарнасында арнаулы айдарлар ашылып, медиажоспарға сәйкес медиация саласына қатысты мәселелер талқылануда. Облысымыздың судьялары тарапынан халыққа «Медиация» заңын жетік түсіндіру жұмыстарын жандандыру бағытында ұтқыр топ құрылып, татуластыру рәсімдеріне арналған бұқаралық ақпарат құралдарына жариялымдар жариялануда. Осы бағыттағы насихат және медиация мәселесі

бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу аясында облыстық соттың тапсырысымен жергілікті «ТДК-42» телеарнасында қазақ және орыс тілінде баяндалатын «Заң үстемдігі» арнайы тележобасы дайындалып, дауларды шешудің балама амалдары, медиация жөніндегі бағдарламаның көрсетілімі көрермендерге ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Қазақстан халқы Ассамблеясы арасында өзара Ынтымақтастық туралы меморандумының сотқа дейінгі және соттан тыс дауларды реттеу институттарын дамыту бойынша іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру мақсатында «Медиация күні» республикалық акция шеңберіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен 05.08.2016 ж. Достық үйінде «Медиация институтын дамыту» тақырыбына облыстық форум өткізілді. Іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясының кәсібінің басты бағыттарының бірі болып табылатын медиацияның дамыту мақсаты мен міндеттерін, дауларды шешудің тиімді тәсілі екенін түсіндіруге, медиация институтын насихаттауға бағытталды. Форум соңында үздік медиаторлар алғыс хаттармен марапатталды. Дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеу институттарын белсенді енгізу және жан-жақты дамыту мақсатында, сонымен қатар халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлжуаз топтарына ақысыз құқықтық және медиаторлық көмек көрсетуге ықпалдастық таныту шеңберінде Батыс Қазақстан облыстық соты және «Халықаралық құқық қоғау орталығы» қоғамдық бірлестігі арасында 2016 жылдың 9 желтоқсанында өзара ынтымақтастық туралы меморандумына қол қойылды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 6001-1-177-4/16 өкімімен «Даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы» ереже бекітілген болатын [5]. Даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне және «Медиация туралы» Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және оның мақсаттарын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

Пилоттық жобаның мақсаты даулардың (жанжалдардың) жекелеген санаттарын медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді азаматтық сот ісін жүргізуге енгізу болып табылады. Ал міндеттері:

1) татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту; 2) азаматтардың сот шығындарын барынша азайту; 3) халықтың соттан тыс дауды (жанжалды) реттеу мүдделілігін анықтау болып табылады.

Аталған жоба бойынша медиация жүргізу болып табылатын даулардың (жанжалдардың) санаты келесі:

- баланың мүдделеріне орай (баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы, ата-ананың баламен араласу тәртібін анықтау туралы, баланы басқа адамдардан тартып алу туралы, білім алушылардың білім жүйесінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, жоғарғы білім беру жүйесінің күндізгі оқу нысаны бойынша 21 жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларды асырауға алимент өндіріп алу туралы);
- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-б . 1-т. міндетті түрде сотқа дейінгі келісім комиссиясына жүгіну тәртібі көзделмеген еңбек даулары;
- мұрагерлік;
- көршілердің арасындағы жер учаскесінің шекараларын анықтау, пәтерді су басқандығы туралы;
- пәтерден шығару туралы, кондоминиумды басқару мәселелері бойынша;
- некені бұзу және мүлікті бөлу туралы;
- қарыз келісімшарттары бойынша;
- сақтандыру [6].

Пилоттық жобаны жүргізудің қағидаттары, яғни, медиацияны тараптардың келісімі бойынша сотта судья не татуластыру рәсімдерін жүзеге асыратын медиатор жүргізеді. Медиация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі:

1. еріктілік; 2) медиация тараптарының тең құқылығы; 3) татуластыру рәсімдерін жүзеге асыратын медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; 4) медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік; 5) құпиялық; 6) қолданыстағы заңнаманың талаптарына сай болуы.

Пилоттық жобаға қатысушылар болып мыналар табылады:

- кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар;–
- азаматтық істер қарайтын аудандық және оларға теңестірілген соттар;–
- мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар;–
- медиаторлар.–

Пилоттық жоба мынадай екі бағыт (сегмент) бойынша іске асырылады:

1) ұйымдастырушылық;

1. ақпараттық.

Ұйымдастырушылық сегмент судьялар жұмысын ұйымдастыруды көздейді.

Ақпараттық сегмент:

- Жоғарғы Сотының және жергілікті соттардың интернет-ресурстарына даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны жүргізу туралы ақпаратты орналастыруды, сондай-ақ пилоттық жобаға қатысатын соттардың интернет-ресурстарында пилоттық жоба өткізілетіні туралы тақырыптық бөлімдерді құруды;
- даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық

жобаны іске асыру туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- телевизиялық арналарда медиаторлардың, оның ішінде практик-заңгерлердің және ғалымдардың қатысуымен ақпараттық (пікірталас) алаңдарды құру;
- соттарда даулардың (жанжалдардың) жекелеген санаттары бойынша медиацияны енгізу бойынша пилоттық жобаны жүргізу туралы ақпараттық стендтерді орналастыруды көздейді.

Медиацияны жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 48, 174, 179, 180, 194, 201, 246 және 277-баптарының, «Медиация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары ескеріліп және мынадай қағидалармен айқындалады:

1) судья өтініш келіп түскен кезде, АПК-нің 165-б. 16-т. сәйкес, тараптарға хабарлама жібереді, соның ішінде, мыналар көрсетіледі:

- тараптардың істі дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтау құқығы;
- дауды (жанжалды) медиация тәртібімен шешудің басымдықтары туралы;
- пилоттық жобаға қатысу бойынша өз ұстанымдарын жазбаша түрде білдіру қажеттілігі және медиатормен медиация жүргізу туралы тараптардың жасалған жазбаша келісімін 5 (бес) күннің ішінде сотқа ұсыну туралы;
- пилоттық жобаға қатысудан бастартқан жағдайда тараптардың бұл туралы жазбаша өтінішін сотқа жіберу және істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымда баяндалған іс-әрекеттерді орындауға кірісу қажеттілігі туралы;
- кәсіби және кәсіби емес медиаторлар тізімдері туралы;
- медиация кабинеттері туралы ақпарат беріледі;

1. медиатор медиацияны жүргізу туралы өтінішхатты берген және тараптардың медиатормен жасасқан шарты соттарға ұсынылған жағдайда

- іс бойынша іс жүргізу АПК-нің 272-б. 7-т. сәйкес 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады;
2. тараптар медиацияны судья өткізетіндігі туралы өтінішхатты берген кезде медиация 10 жұмыс күні ішінде жүргізіледі;
 3. татуластыру рәсімдерін жүзеге асыратын медиатор тараптардың келісімімен немесе олардың өтінішхаты бойынша, егер бұл медиацияның мақсаттарына қолжеткізу үшін қажет болса, татуластыру рәсімдеріне басқа адамдарды қатыстыруға құқылы;
 4. медиация тараптарының татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде қолжеткізген дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар қол қояды;
 5. келісімде медиация тараптары, даудың (жанжалдың) нысанасы, татуластыру рәсімде жүзеге асыратын медиатор туралы деректер, сондай-ақ тараптар келіскен келісімнің шарттары, оларды орындаудың тәсілдері мен мерзімдері, медиацияның құпиялылығы туралы тараптардың міндеттемелері және оларды орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдарлары қамтылуға тиіс;
 6. медиацияны медиатордың жүргізуі кезінде тараптардың дауды (жанжалды) реттеу туралы қолжеткізген келісімі немесе дауды (жанжалды) медиация жолымен шешуге мүмкіндік болмауына байланысты тараптар жазбаша түрде медиациядан бастартуы осы азматтық іс 3 (үш) жұмыс күн ішінде оның іс жүргізуіндегі судьяға жолданады;
 7. АПК-нің 277-б. 6-т. және 410-б. сәйкес оның іс жүргізуіндегі іс бойынша судья дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады;
 8. судья дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы келісімді бекіту туралы ұйғарымда сот АПК-нің 278-б. 3-б. сәйкес мемлекеттік бажды қайтару туралы көрсетеді;

9. егер тараптар медиация жүргізген кезде келісімге қолжеткізбесе, іс бойынша іс жүргізу қайта басталып, істі сот талқылауына дайындау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Бұл туралы іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы соттың ұйғарымында көрсетіледі;

10. тараптар медиацияны жүргізуден бастартқан жағдайда судья істі соттың талқылауына дайындауды АПК-нің 165-б. белгіленген тәртіпте жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы:

1) пилоттық жобаның үйлестірушісі болып табылады;
2) пилоттық жобаны өткізудің әдістемелік және нормативтік қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

1. пилоттық жобаға қатысатын соттарға ақпараттық сипаттағы тиісті материалдарды жолдайды;

2. пилоттық жобаға қатысатын соттардан алынған ақпаратты қорытады.

Пилоттық жобаны жергілікті соттарда өткізуді үйлестіру үшін жауапкершілік облыстық және оларға теңестірілген соттардың азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқаларының төрағаларына жүктеледі.

Пилоттық жоба аяқталған соң үйлестіруші Жоғарғы Соттың Төрағасына оның нәтижелері туралы есептік ақпаратты және пилоттық жобаның тетіктерін барлық соттарға енгізудің орындылығы туралы ұсыныстарды береді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 6001-16-7-4/186 өкімімен татуластыру рәсімдерін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітіліп, соттарда татуластыру рәсімдерін қолдануда судьяларға қажетті ереже болып табылып отыр деуге болады[25].

Аталған әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексіне, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексіне, «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес соттардың татуластыру рәсімдерін біркелкі қолдануын қамтамасыз ету мақсатында

әзірленді. Сот тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдайды, процестің барлық сатысында оларға дауды шешуге ықпал етеді. Тараптардың мынадай татуластыру түрлерін: 1) татуласу келісімін; 2) медиатордың қатысуымен, сонымен қатар егер медиация сотта жүргізілсе, судьяның қатысуымен медиацияны; 3) екі тараптың адвокаттарының қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде партисипативтік рәсімді қолдана отырып, дауды шешу туралы өтінішхат берулеріне болады.

Жариялылық-құқықтық қатынастардан туындайтын істерді қоспағанда, татуластыру рәсімін қолдана отырып, дауды реттеу туралы өтінішхат кез келген талап қою іс жүргізуі бойынша, егер Азаматтық процестік кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, берілуі мүмкін. Татуласу келісімібірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін сот талқылауының кез келген сатысында, сондай-ақ сот актісін орындау барысында жасалуы мүмкін. Татуласу келісімі жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері (сенімхатта арнайы көзделген өкілеттіктері болған кезде) қол қояды. Татуласу келісімінің нысаны мен мазмұны АПК-нің 176-бабында көзделген. Егер тараптар құқықтар мен міндеттердің туындауын мән-жайларға байланыстырса, оларға қатысты оның басталуы немесе басталмауы белгісіз болған жағдайда татуласу келісімін кейінге қалдыру шартымен жасауға болмайды.

Тараптардың татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхаты сот отырысында тараптардың қатысуымен қаралады. Татуласу келісімін бекітудің құқықтық салдарлары тараптарға оны сот бекіткенге дейін АПК-нің 177-б. 2-б. және 278-б. 2-б. сәйкес түсіндірілуі тиіс.

Егер іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуде қаралса, онда сот тараптардың татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатын АПК-нің 278-б. 2-б. көзделген іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың құқықтық салдарымен олардың танысқаны және оларға түсінікті болғаны туралы татуласу келісімінде көрсетілген жағдайда қарауға құқылы. Олар көрсетілмеген кезде сот жалпы тәртіппен талап қою іс жүргізу қағидалары бойынша істі қарауға көшеді.

Татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы АПК-нің 177-б. талаптарына сәйкес сот ұйғарым шығарады. Соттың ұйғарымында: 1) татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату; 2) бекітілетін татуласу келісімінің шарты және оны орындау мерзімдері.

Сот шығыстарын АПК-нің 176-б. 4-б. сәйкес бөлу көрсетілуі тиіс.

Егер татуласу келісімінде сот шығыстарын (мемлекеттік бажды және сот шығындарын) бөлу шарты көрсетілмесе, олар АПК-нің 176-б. 4-б. сәйкес өзара өтелген болып танылады. Талап қоюшыға ол төлеген мемлекеттік баждың «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» («Салық кодексі») Қазақстан Республикасының салық кодексінің 548-б. және АПК-нің 109-б. екінші бөлігінің ережелеріне сәйкес қайтарылғаны көрсетілуі тиіс. Татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағымдануға және наразылық білдіруге болады. Татуласу келісімін бекітуден бастарту туралы ұйғарымға шағымдануға және наразылық білдіруге болмайды. Татуласу келісімімен аяқталған істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайды. АПК-нің 48-б. сәйкес тараптар сотта қаралып жатқан істі дауды медиация тәртібімен реттеу келісімімен аяқтауы мүмкін. Тараптар медиацияға азаматтық сот ісін жүргізудің барлық сатыларында жүгінуі мүмкін. Төрағалық етуші істі сот талқылауына дайындау кезінде, сондай-ақ АПК-нің 194-б. тәртібіне сәйкес сот талқылауында тараптарға олардың дауды медиация тәртібімен шешу құқығы туралы және осындай әрекеттің салдарын түсіндіреді.

Судья тараптарға медиаторға жүгінуге мүмкіндік береді. Медиация туралы келісімшартта тараптардың ерікті түрде ниеттерін білдіруі медиация рәсіміне қатысудың шарты болып табылады. Медиация рәсімін жүргізу кезінде тараптар қаралып отырған дау бойынша шешім қабылдау үшін елеулі мән-жайларды ашады және олар қолжеткізген келісімшарттарының орындалуы үшін жауапты болады. Медиатордың дау тараптарын міндеттейтін қандай да болмасын шешім шығару өкілеттігі жоқ болғандықтан, тараптар дауды белгілі бір жағдайларға байланысты тоқтату туралы шешімді өздері қабылдайды.

Медиатор дәлелдерді зерттемейді және тараптардың талаптарына құқықтық баға бермейді, оның міндеті – тараптар арасында келіссөздер жүргізу үшін жағдайлар жасау, даудың (жанжалдың) мәнін – тараптар даулап отырған мән-жайларды, сондай-ақ барлық қатысушылар үшін қолайлы шарттармен оларды шешудің ықтимал жолдарын талқылауға көмек беру болып табылады. Судьяның қандай да болмасын нысанда тараптарды медиацияға мәжбүрлеуге құқығы жоқ. Іс бойынша тараптардың дауды бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхаты түскен кезде ол соттың кеңесу бөлмесіне кетуіне дейін қанағаттандырылады. Іс бойынша іс жүргізу АПК-нің 272-б. 7-т. сәйкес міндетті түрде бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатылады.

Тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхатты, егер қосымша процестік әрекеттерді және істі қарауды тоқтата тұруды талап етпесе, кассациялық сатыда бере алады. Бірінші сатыдағы сотта медиацияны өткізу үшін іс басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны іс жүргізуінде қарап отырған судья жүргізуі мүмкін. Медиацияны өткізетін судья медиацияның өтетін күнін тағайындайды және тараптарды оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етеді.

Соттағы медиация Азаматтық процестік кодекс және «Медиация туралы» ҚР Заңына сәйкес өтеді. Медиацияны іске асыру барысында судья бейтараптылықты және қаралып жатқан даутараптарына бірдей қарауды сақтауы тиіс. Медиация соттың қарауында жатқан жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезінде медиация туралы шарт жасалған күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей аяқталуға тиіс. Қажет болған жағдайда тараптар кейіннен сотқа бірлескен жазбаша хабарлама жібере отырып, медиацияны жүргізу мерзімін күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартуы мүмкін, бірақ ол жиынтығында күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс. Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері (сенімхатта

арнайы көрсетілген өкілеттіктері бар болған жағдайда) қол қояды. Іс жүргізуінде іс жатқан судья дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісім, АПК-нің 180-б. 2-б. бойынша осы келісімді бекіту туралы ұйғарым АПК-нің 176, 177-баптарына, «Медиация туралы» Заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Егер дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім сот актісі орындау кезінде бекітілген болса, онда ол сот актісінің орындау жеріндегі бірінші сатыдағы сотқа немесе сол актіні қабылдаған сотқа ұсынылады. Тараптардың дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісін бекіту туралы өтінішхаты сот отырысында іске қатысатын тараптардың қатысуымен қаралады. Қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қолжеткізген жанжалды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы жолымен жанжалды реттеу туралы келісімді білдіреді. Жанжалды реттеу туралы келісім оған тараптар қол қойған күні күшіне енеді. Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді (шарт) кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді. Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді жасасудың құқықтық салдарлары оны сот бекіткенге дейін АПК-тің 177-б. 2-б. және 278-б. 2-б. сәйкес тараптарға түсіндіріледі. Егер іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуде қаралса, онда сот тараптардың татуласу келісін бекіту туралы өтінішхатын АПК-нің 278-б. 2-б. көзделген іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың құқықтық салдарымен олардың танысқаны және оларға түсінікті болғаны туралы татуласу келісінде көрсетілген жағдайда қарауға құқылы. Олар көрсетілмеген кезде сот жалпы тәртіппен талап қою іс жүргізу қағидалары бойынша істі қарауға көшеді.

Сот дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді (шартты) бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарым

шығарады, онда: 1) дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің шарттарын және оларды орындау мерзімін көрсетеді; 2) дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекітеді; 3) іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады; 4) сот шығыстарын АПК-нің 176-б. 4-б. сәйкес бөледі. Егер татуласу келісінде сот шығыстарын (мемлекеттік баж және сот шығындарын) бөлу шарты көрсетілмесе, олар АПК-нің 176-б. 4-б. сәйкес өзара өтелген болып танылады; 5) төленген мемлекеттік баждың бюджеттен Салық кодексінің 548-б. және АПК-нің 109-б. 2-б. ережелері ескеріле отырып қайтарылғанын көрсетеді. Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқталған істер кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайды.

Жоғарыда көрсетілген ауқымды келешек маңызды іс-шаралардың жүзеге асырылуының одан әрі жалғасын табуы медиацияның шиеленістерді және дауларды шешудің әдісі ретінде насихатталып, келіспеушілік пен дауларды шешудегі табыстыру процедураларының тиімділігі көпшілікке ұғындырылып, медиация институтының іргелі дамуына жол ашады деген сенім мол.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес қажетті құқықтық нәтижеге жету мақсатында дауды реттеудің анағұрлым тиімді әдістерінің бірлескен үлгілеуін қолдана отырып, жанжалдасушы тараптардың нақты бір жағдаяттан шығу үшін таңдаған балама әдісінің авторлық анықтамасы жасалды.

Медиатордың қатысуымен өткізілетін татуластыру рәсімінің негізін салушы идеялардың заңнамалық тұрғыда рәсімделмегендігіне байланысты, медиатордың қатысуымен өтетін татуластыру рәсімі (медиация) қағидаттарын жүзеге асыру тиімділігін төмендететін негізгі құқықтық емес және ақпараттық-ұйымдастырушылық факторларды жою үшін төмендегідей ұсыныстарымызды келтіреміз:

Құқықтық бағытта:

1. Медиациялық рәсімнің мән-мағынасына құқық қолданушылардың біркелкі түсінік беруі мақсатында медиатордың қатысуымен өтетін

татуластыру рәсімінің императивтік бастамасын нақты болмысқа сәйкес бекіту.

2. Соттан тыс медиациялық келісімдер мен татуласу туралы басқа да келісімдердің орындалу жүйесін заңды түрде бекіту.
3. Сотқа дейін татуластыру рәсімі арқылы реттелуге міндетті істердің категориясын енгізу. Басқа істер категориясы бойынша дауласушы тараптардың медиаторға жүгінуін міндеттеуді соттың құқығы ретінде қарастыру.
4. Бекітілген бейбіт келісімдердің санына қарай судьялардың қызметін бағалауды критерийлерінің бірі ретінде енгізу.
5. Еліміздің құқық жүйесін ескере отырып, шетел тәжірибесінің тиімді жақтарын енгізу.

Ал ақпараттық-ұйымдастырушылық шаралар қатарына медиатордың қатысуымен өткізілетін татуластыру рәсімінің тиімділігі туралы ақпаратты ауқымды түрде тарату болып табылады.

1.2 Медиация институтының құқық негіздері

Медиация қазіргі заманғы мағынада XX ғасырдың екінші жартысында, ең алдымен англо-саксон құқығы елдерінде - АҚШ, Австралия, Ұлыбританияда дами бастады. Содан кейін ол біртіндеп Еуропада тарала бастады. Медиацияны қолданудың алғашқы әрекеттері, әдетте, отбасылық қатынастар саласындағы дауларды шешу кезінде жасалды. Кейіннен медиация ең кең ауқымды қақтығыстарды шешуде танылды. Халықаралық деңгейдегі құжаттар да қабылданды: БҰҰ Нью-Йорк конвенциясы 1958 ж. «Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы», БҰҰ Халықаралық құқық комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) келісім регламенті, 2008 жылғы 21 мамырдағы Еуропалық Парламент пен Еуропалық Одақ Кеңесінің 2008/52/ЕО директивасы «азаматтық және коммерциялық істердегі делдалдықтың (медиацияның) кейбір аспектілері туралы» және т. б.

Кейіннен халықаралық практикада құқықтық жанжалдарды шешу үшін мынадай татуластыру рәсімдері қолданыла бастады, атап айтқанда: тараптардың өздерімен келіссөздер арқылы дауды реттеу (negotiation); тараптардың келісімге қол жеткізуіне ықпал ететін тәуелсіз делдалдың көмегімен дауды реттеу (mediation, conciliation); келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дауды төрелік тәртібімен шешуге уәкілетті делдал-төрешінің көмегімен дауды реттеу (med-art); дауды кәсіпорын басшыларының, олардың заңгерлерінің және істі тындауды басқаратын үшінші тәуелсіз тұлғаның қатысуымен реттеу (mini-trial).

Медиация институты бүгінгі күні АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Қытай, Гонконг, Корея, Үндістан, Австрия, Жапония және т.б. елдерде құрылған және жұмыс істейді. Айталық, Жапонияда іскер топтардың дауларды шешудің балама әдістерін ұстануы дәстүрлі түрде этикалық тараппен, атап айтқанда келіспеушіліктерді шешудің тәсілі ретінде мемлекеттік сотты таңдауға теріс көзқараспен байланысты болды. Мысалы, бүкіл құқық жүйесі даулардың көпшілігін сотқа дейін өз еркімен шешуге бағытталған АҚШ-та судья өз бетінше сотты тоқтатып, тараптарға медиаторлармен жұмыс істеуге кеңес бере алады.

Батыс елдерінде медиация қажеттіліктің деңгейіне жетті, сондықтан оны заңнамалық реттеу қажет болды, кейде қажет. Осылайша, АҚШ-та Медиация туралы бірыңғай заң ((Uniform Mediation Act) шығарылды, ол бұған дейін АҚШ-та болған түрлі Штаттар мен оны қолдану салаларындағы делдалдық қызметті реттейтін 2500-ден астам заңды біріктірді. БҰҰ шаруашылық құқық үшін халықаралық коммерциялық татуластыру рәсімдері туралы модельдік заңды (Model Law on International Commercial Conciliation (UNCITRAL)) жариялады.

2003 жылы Австрияда Медиация туралы Федералдық заң қабылданды. Еуропалық комиссия 2004 жылы медиацияның жекелеген еуропалық елдерде көбірек сенімге ие болуы үшін әзірленген медиаторларға арналған мінез-құлық кодексін қолдады. Дәл осындай мақсат-қазіргі уақытта

еуропалық мемлекеттер талқылайтын және 2006 жылы жарияланып, бекітілуі керек заң күші бар директива жобасы.

Сол себепті де шет мемлекеттерде медиаторға сұраныс көп. Осындай тәжірибелерді біздің елде де жүзеге асырсақ, медиация институтының беделі біршама артар еді. 10 жылдың ішінде ауыз толтырып айтатындай жетістікке жете қоймаған бұл саланы алдағы уақытта жандандыру үшін бірнеше ұсынысдар ұсынғанды жөн көрдік:

– Тараптардың татуластыруды, бітімгершілік жолмен істі жабуды басты мақсат еткен медиатор өз ісінің нағыз шебері болуы тиіс. Ол үшін медиатор маман психолог мамандығын да меңгерсе дейміз. Себебі қазір психологтар мен каучтардың сабағына барып, жаңаша дүние іздеп жүрген адам саны артып келеді. Бүгінгі таңда біздің қоғамда ажырасу фактісі тым көп тіркелуде. Оның себебі мен салдары тым көп. Бұл сол отбасының проблемасы ғана емес. Бұл қоғамдық проблема. Мұнымен баршамыз бірге күресуіміз керек. Ал осы қадамға баратын жастар істі сотқа жеткізбес бұрын осы медиатордың көмегіне жүгінсе, ажырасу мәселелері азаяр еді. Міне, сондықтан медиатор маман адам психологиясын жетік меңгеруі үшін психолог мамандығын да меңгерсе;

– Медиация институтының жұмысын барынша жандандыру өте маңызды. Себебі қарапайым халықтың басым көпшілігі мұндай институт барынан мүлде бейхабар. Сол себепті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы медиация институты туралы мақалалар мен шағын бейнероликтер көптеп жарық көрсе. Тіпті, осы медиация институты жайлы шағын жинақтар шығарылса нұр үстіне нұр болар еді. Халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізуге көп көңіл бөлінсе. Сонда халық өз мәселесін сотқа жеткізбей медиатордың көмегіне жүгініп, оңтайлы жолмен шешер еді;

– Әр маман иесіне бекітілген жалақы көлемі бар. Сол секілді кәсіби медиаторлар көрсететін қызмет түріне қарай Заң аясында нақты ақысы белгіленсе;

– Медиаторларға арналған тәжірибе алмасу жұмыстары үнемі ұйымдастырылса. Тіпті, шетел мамандарымен тәжірибе алмасып, елімізде осы саланың дамуына әр медиатор өз үлесін қосса, халықаралық медиация институтының жұмысымен жиі танысса деген ұсыныс бар.

Сот медиациясының голландиялық моделін ескере отырып, Қазақстан Республикасы жағдайында сот органдары мен медиаторлар ұйымдарының өзара іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу мүмкін болып отыр. Осы бағдарлама шеңберінде барлық жерлерде соттар жанынан медиатор-консультант орталықтарының жұмыс жасауын қамтамасыз етсе, және осы орталық медиация арқылы шешімі табылған дау сұрақтарның статистикалық есебін жүргізе отырып, халыққа сол ақпаратты барынша қолжетімді еткізсе болады.

Голландиялық модельдің тағы бір ұтымды жағы ол, медиациялық келісімді кез келген формада қолдана береді. Мысалы, медиация тек жеке тұлғалар арасында ғана емес, мемлекет пен жеке тұлға арасында да медиациялық келісімге отыру қолданылады. Ал, бұл жағдай отандық заңнамада мемлекеттік органдармен медиациялық келісімге отыру шектелген, яғни, жеке тұлға мемлекетпен медиациялық келісімге отыра алмайды. Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша заң алдында барлығы бірдей және тең дегенге қарсы келеді.

Алғашқы медиация бағдарламалары Америка Құрама Штаттарында 1960 жылдардан бастап Филадельфия, Колумбия және Огайо штаттарында жергілікті прокурорлар мен судьялардың бастамасымен енгізілгені белгілі. Бүгінгі таңда медиация бағдарламалары әртүрлі көздерден, атап айтқанда жергілікті әкімшіліктерден, штат үкіметтерінен, жеке қорлардан, шіркеулерден және федералды үкіметтен қаржыландырылады. Көбінесе медиацияға қоғамдық тыныштық пен ұсақ құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда жүгінеді. АҚШ қоғамдағы медиацияның ерекшелігі - медиация орталықтарына көмектесу үшін еріктілерді тарту.

Аталған АҚШ-тағы медиация үлгісіне қарай отырып, бізге де медиация институтын дамыту үшін оны қаржыландыру көздерін табуды қарастыру қажет.

Бүгінгі таңда медиация институтын дамыту үшін оны қаржыландыратын волонтерлік ұйымдарды тартуды қарастырған жөн[18- 257 бет].

Қазақстанда медиация институтын дамыта отырып, кез келген даулы сұрақты оңай әрі тез шешуге, сонымен қатар медиация арқылы шешілген дау қандай да бір жақтың, яғни тұлғаның құқығының бұзылуының алдын алады. Қазақстандық және шетелдік тәжірибені талдау медиация институты ең маңыздыларын анықтауға мүмкіндік берді. Медиация институты одан әрі жетілдіру дәйекті және жан-жақты көзқарасты талап етеді, ол тек заңнаманы түрлендірумен шектелмеуі керек. Медиацияны дамыту - ұйымдастыру шараларының кешенін іске асыруды және медиаторлар ұйымдарымен тығыз өзара іс-қимылды талап етеді. Нақты айтқанда әр түрлі саладағы және түрлі қызмет аясында болатын қақтығыстар мен дау-дамайларды шешу үшін қандай шеберлік қажет әрі медиатор кім болу керек деген сұрақтарға жауап бере алатын арнайы заң жүзіндегі талаптар қойылу қажет[18].

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, қызметкерлер өз құқықтарын тек ғана емес, сонымен бірге сот тәртібімен де жұмыс берушімен келіссөздер арқылы қорғай алатындығын тағы бір рет атап өтеміз. Қызметкер кез-келген уақытта тиісті органдарға шағымдана алады, бірақ ол мұны жасамайды, өйткені ол істі жоғалтудан қорқады, бірақ жоғарыда айтылғандай, сот көбінесе жұмыс берушіге қарағанда қызметкердің жағына айналады, өйткені екінші жағынан құқық бұзушылық жиі байқалады. Жұмыс берушілер жұмыс беретіндіктен, олар адамға қатысты құқықтарда басым болады және олардың құқықтары мен міндеттерін оңай басқара алады, ал жұмысшылардың тиісті органдарға жүгінуден қорқуы оларға өз жағдайларын теріс пайдалануға мүмкіндік береді деп санайды.

1.3 Шетелдердегі медиацияның дамуы мен қалыптасу жағдайы.

Медиация - көптеген елдерде (АҚШ, Қытай және т.б.) қақтығыстарды шешудің танымал және сұранысқа ие әдісі. Нәтижесі - мемлекеттік соттарды жеңілдету, қақтығысты тереңірек зерттеу, әрбір ескі қақтығыстың талаптарын

қанағаттандыруға қол жеткізу, ақша үнемдеу. Белгілі бір тараптың азаматтарының дәстүрлері мен менталитетіне байланысты медиация институтын адамдардың өміріне енгізу және халықты жанжалдарды шешудің соттан тыс әдісін таңдауға мәжбүрлеу өте қиын, бұл Франция мен Италияда орын алады. Бірақ, осы фактіге қарамастан, медиация институты барлық дерлік мемлекетте бар және барған сайын, соның ішінде біздің елімізде де тек дамып келеді. Осыны негізге ала отырып, бұл мәселе біздің еліміз үшін шет елдердің оң және теріс тәжірибесі, медиация прецедурасын қолдану процесінде мемлекеттер тап болатын қиындықтар қызықты екенін түсіндік.

Қазіргі заманғы медиация институтын құру туралы мәселе XX-XXI ғасырдың басында пайда бола бастады. XX ғасырдың басында Америкада экономикалық дамудың жаңа кезеңі пайда болды, бұл елдегі қоғамдағы жаңа қақтығыстарға, атап айтқанда, кәсіподақтар мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек жағдайлары мен жалақы мөлшері туралы дауларға әкеледі. Бұл қақтығыстар бекеттерге, жаппай жұмыстан шығаруға және зауыттардың жұмысын тоқтатуға әкелді. 1947 жылы мемлекет бейтарап делдал ретінде әрекет ететін арнайы қызметті құру туралы шешім тапты, атап айтқанда Федеративтік делдалдық (медиация) және татуласу қызметі пайда болды. Сонымен қатар, отбасылардағы, көршілер мен аз қамтылған адамдар арасындағы қақтығыстарды шешу үшін жергілікті үкіметтік емес ұйымдар құрылады, олар мемлекеттік сотқа жүгінулер санын азайтуға ықпал етеді және дауды шешудің арзан әрі жылдам процедурасын қамтамасыз етеді.

АҚШ-та медиацияны дамытудың маңызды кезеңі жалпы азаматтық процестің ерекшелігі болды. Американдық заңға сәйкес, азаматтық іс жүргізу ешқашан арзан болған емес. Тараптар барлық сот шығындарын өздері төледі, сондықтан, әсіресе экономикалық дауларда сот шығындарының мөлшері астрономиялық биіктерге жетті, осыған байланысты қоғамның медиацияға бейімделуі айқын таңдау болды.

Дауларды шешудің соттық емес нысандары американдық құқықтық жүйенің маңызды буынына айналды және оңай таралды. Олар мемлекеттік сот

төрелігіне балама ретінде пайда болды және қымбат, ресми және ұзақ мерзімді сот процедураларына өздерінің маңызды артықшылықтарымен, мысалы, конфиденциалдылық, тараптардың теңдігі, процестің барысын бақылау мүмкіндігі, түпкілікті, дауды шешудің төмен құны және уақытты үнемдеуге болатыны, осының бәрі жылдармен өлшене алады[19].

Қазір АҚШ-та медиаторлар әр іске, әр келіссөзге қатысады, әсіресе егер ол саясатқа, кәсіпкерлікке немесе экономикаға қатысты болса. Елде «тоқсан сайынғы медиация журналы» шығарылады, онда баламалы рәсімді қолданумен байланысты проблемалар және оларды шешудің нұсқалары көрсетіледі. Алайда, журналдан басқа, медиацияның неғұрлым тиімді тәсілдері мен нысандарын әзірлеу құзыретіне кіретін пікірталастарды шешудің ұлттық институты бар. АҚШ-та медиация мемлекеттік және жеке деңгейде бекітілді. Әрбір мемлекет өз қалауы бойынша медиаторлардың қызметін реттеді, бұл 2001 жылы осы процедураны «Бірыңғай медиация актісін» қабылдау арқылы орталықтандыруға мәжбүр етті.

Медиация рәсімінің кеңінен қолдануды ҚХР-да өтуге болады. Қытайдағы медиацияның мақсаты-жанжалды бейбіт жолмен шешу. Келісуші тараптардың өздері дұрыс шешім қабылдауға қол жеткізу, бұл олардың екеуіне де сәйкес келеді және жанжалды сотқа жеткізбейді, атап айтқанда «дауларды ерікті түрде шешуге қол жеткізу». ҚХР мемлекеттік сотқа жүгінуден аулақ болуға тырысады, өйткені, біріншіден, Қытай соттары даудың әкімшілік-мемлекеттік тарапының пайдасына теріс пікірде деп саналады. Екіншіден, көптеген судьялар неоптикалық болып табылады, өйткені мәдени төңкерістен кейін судьялар заңгерлерден емес, отставкадағы әскери және мемлекеттік қызметкерлерден тағайындалады. Үшіншіден, ҚХР тәуелсіз сотының тұжырымдамасы бүгінгі күнге дейін Қытай халқының үлкен күмәндігіне қалып отыр, осылайша мемлекеттік соттар мемлекеттік органдарының саяси мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз ететін органдар ретінде қарастырылады. ҚХР сот жүйесінің осы ерекшеліктеріне байланысты қытайлар тарихи түрде дауды шешудің бейресми әдістерін қолданды, өйткені ресми әдістерге жүгінуге

кінәні мойындауды білдіреді, содан кейін кез-келген дауда мемлекеттік органның пайдасына шешім қабылдауға әкеледі.

Жоғарыда аталған факторларға байланысты Қытай әлемде медиация (Қытай ерекшелігінде конфликтология) Конституцияда бекітілген жалғыз ел болды [20]. Конституциялық бекітудің арқасында, сондай-ақ ҚХР азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес ел тұрғындарының медиация рәсімін жүзеге асыруда қол жетімділігі үшін бұқаралық ұйымдар құрылды.

Медиация институтын ҚХР Конституциясына енгізу бұл рәсімді мемлекеттік атқарушы билік жүйесіне қосуға, оны мемлекетке толығымен бағындыруға және мемлекеттік институттың келбетін өзгертуге мүмкіндік берді [21].

Францияда, Италияда медиация рәсімі қиындықпен өтеді. 2010 жылы Италия үкіметі медиация рәсімін барынша заңдастыру туралы шешім қабылдады, азаматтық істердің кең санаттары бойынша медиация рәсімін жүргізу міндетін белгілейтін нормативтің құқықтық акт жасалды. Бұл өлшемге жылжымайтын мүлік, ерік-жігер және мұрагерлік, банктік шарттар және медициналық немқұрайлық нәтижесінде келтірілген шығындар сияқты азаматтық істер кірді. Осы нормативтік құқықтық актіден келіп шығатыны, дауласушы тараптар сот процесі басталғанға дейін медиация рәсімінен өтуге әрекет жасауы қажет. Егер олар мұны істей алмаса және сот процесі басталса, онда сот істі тоқтатып тараптардың медиация рәсімін өткізу мерзімін белгілеу керек [22]. Міндетті медиацияны белгілейтін нормалар күшіне енгеннен кейін оған қатысты көптеген қатал сын айтылады. Ұзақ сот процесі итальяндықтарға медиация ұсынатын кенеттен қабылданған шешімдерге қарағанда анағұрлым сенімді рәсім болып көрінеді. Осылайша, міндетті медиация, итальяндықтардың пікірінше, Италия Конституциясында бекітілген негізгі құқықтарға, атап айтқанда сот төрелігіне қол жеткізу құқығына және теңдік принципіне қайшы келеді. Итальяндықтар өз құқықтарын қорғау мақсатында сотқа еркін жүгіну құқығын талап ете бастады. Нәтижесінде, міндетті медиация туралы нормаларға Италияның Конституциялық соты дау тудырды, және

көптеген шөгінділерден кейін сот бұл нормалардың конституциялық емес екенін көрсетіп, 2012 жылғы желтоқсанда өз шешімін шығарды. Алайда, сот өте шебер әрекет еткенін және өз шешімінде медиация туралы ережелер Конституцияға сәйкес емес деп танылғанын, тек формальды себеппен, атап айтқанда соттың пікірінше, үкімет медиация институтын реттеу мақсатында парламент берген өз өкілеттіктерінен асып кеткендігін атап өту маңызды. Басқаша айтқанда, сот мәні бойынша ешқандай мәселені қараған жоқ, атап айтқанда ол міндетті медиацияның сәйкестігі туралы мәселе бойынша шешім шығарған жоқ сотқа қол жеткізу құқығы және тиісті құқықтық рәсім. Қалай болғанда да, сот қабылдаған шешімнің тікелей әсері міндетті медиация институтын жою болады. Ерікті медиация және медиация соттың ұсынысы бойынша бүгінгі күні де жалғасуда, бірақ тиімділікпен «мақтана» алмайды.

Қазақстанда медиация өте жаңа институт болып көрінеді, дегенмен көптеген адамдар оның негізі сонау Қазақ хандығы тұсынан қалғанын айтады. Бірақ іс жүзінде 2011 жылы Медиация туралы заңы қабылданды.

Алайда, елімізде медиация институтын дамытудағы және оны заңнамалық тұрғыдан бекітудегі жақсы жетістіктерге қарамастан, ол аз сұранысқа ие болып отыр. Басқа елдердің тәжірибесі барлық сот талқылауларының шамамен 10 пайызы медиация арқылы реттелуі мүмкін екенін дәлелдейді, ал бұл өте аз сан. Сондықтан, қақтығыстарды шешудің бұл түрі еліміз үшін нәтижелі болады деген сенімдеміз.

Қазақстанда медиация институтын дамытудың ерекшеліктері еліміздің азаматтық іс жүргізу құқығындағы медиация арқылы дауларды шешудің теориялық және тәжірибелік мәселелеріне жүйелі түрде зерттеу жүргізілді. Еліміздегі медиация институтының қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері зерделенген. Қазақ қоғамындағы билер институтымен сабақтастығын ашып көрсету және көне дәстүрді жаңғыртып, билер сотының мүмкіндіктерін еліміздегі татуластыру рәсімдеріне енгізу мәселелеріне тоқталдық. Азаматтық іс жүргізудегі медиация тәртібімен дауды реттеу мен бейбіт келісім жасаудың ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды.

Жүргізілген зерттеу — азаматтық процестік құқықтың маңызды институттарының бірін, яғни медиация рәсімін, жүзеге асыруда орнатылатын құқықтық қатынастардағы делдалдың қатысуымен өткізілетін татуластыру рәсімі қағидаттарының ерекше маңыздылығын көрсетіп отыр. Медиацияның қоғамдық дамудың бастау көзі болып табылатын өткір қарама-қайшылықтар сияқты жанжалдарды реттеуде болатын әдістерін анықтаған. Нормативтік және доктриналды сипаттағы медиацияның құқықтық негіздерін зерттеу барысында олардың өзара іс-әрекеті мен арақатынасының деңгейі анықталды. Құқық қолдану тәжірибесінде татуластыру рәсімінің сәтті қолданылуы қатысушы тараптардың медиация рәсіміне, еліміздегі медиативтік практиканың сәтті дамығандығының көрсеткіші болып табылатын медиатордың өзіне сенуімен байланысты. Медиация адамдар арасындағы адамгершілік және іскерлік қатынастарды сақтау сияқты, одан маңыздырақ мақсаттарға қызмет етеді. Партиципативтік рәсім заңды және жеке тұлғалардың азаматтық, еңбек, отбасылық, басқа да құқықтық қатынастардан туындаған азаматтық-құқықтық дауларда өркениетті елдерде қолданылуы түрлі балама тәсілдерді тәжірибеге енгізуі де анықталды.

2014 ж. Жоғары Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің жобасын құруға және сот процесінде медиацияны енгізу бойынша азаматтық қоғамның пікірін зерттеу қажеттілігіне байланысты «Соттағы татуластыру рәсімі» экспериментін жүргізді. 2014 ж. медиация кәсіпқой медиатор мен судьяның қатысуымен сәтті қолданылды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 17-т. татуластыру рәсімдері қарастырылған[23]. Соттардың тараптардың татуласуы үшін шаралар қолданатындығы, дауды процестің барлық сатыларында реттеуде оларға жәрдемдесетіндігі туралы айтылған.

Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап, ҚР-ның Азаматтық процестік кодексінде белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара

талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады. Тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхат беруге құқылы. Тараптардың дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхаты, егер бұл қосымша процестік әрекеттерді және істі карауды тоқтата тұруды талап етпесе, кассациялық сатыдағы сотта берілуі мүмкін. Тараптар кассациялық сатыдағы соттағы өтінішхатпен бір мезгілде дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді ұсынуға тиіс.

Медиатор медиацияны жүргізу туралы өтінішхатты берген және тараптардың медиатормен жасасқан шарты бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарға ұсынылған жағдайда іс бойынша іс жүргізу бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады. Ал бірінші немесе апелляциялық сатыдағы судья медиацияны өткізу туралы өтінішхатты берген кезде сот іс бойынша іс жүргізуді он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы. Бірінші сатыдағы сотта медиацияны өткізу үшін іс басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны іс жүргізуінде іс жатқан судья өткізуі мүмкін. Медиацияны апелляциялық сатыдағы сотта өткізу үшін іс, әдетте, соттың алқалы құрамындағы судьялардың біріне беріледі. Медиацияны өткізетін судья медиация өткізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Сотта медиацияны өткізу хаттамасы жүргізілмейді [24].

Егер дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім сот актісін орындау сатысында жасалса, ол сот актісінің орындалатын орны бойынша бірінші сатыдағы сотқа немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған сотқа бекітуге ұсынылады. Іс жүргізуінде іс жатқан судья (сот құрамы) дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Егер тараптар медиация тәртібімен келісімге қол жеткізбесе немесе келісімнің шартын сот бекітпесе, істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі [25].

Тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқылы. Партисипативтік рәсім екі тараптың да адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз өткізіледі.

Іс жүргізуінде іс жүргізіп жатқан судья (сот құрамы) дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Егер тараптар партисипативтік рәсім тәртібімен келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісім шартын бекітпесе, істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Сонымен қата ҚР-сы Жоғарғы Соты Төрағасының 2016 жылғы 16 қыркүйктегі № 6001-16-7-4/186 өкімімен бекітілген татуластыру рәсімдерін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындалған болатын. Әдістемелік ұсынымда татуластыру рәсімдерін жасаудың тәртіптері егжей-тегжейлі көрсетілген.

Қазіргі уақытта медиация түсінігі біздің күнделікті өмірімізге енді деп үлкен сенімдікпен айтуға болады. Жаңа редакцияда Азаматтық процестік кодекстің қабылдануына орай 2016 жылдың қаңтар айынан бастап медиацияның қолданылу мүмкіндігінің аясы кеңейді. Қазіргі уақытта бірінші және апелляциялық инстанциядағы сот процесінің алғашқы сатысында медиацияны сот та өкізе алады. Талап арызды беру кезінде төленген мемлекеттік баж толық көлемде, ал кассациялық инстанцияда 50 % көлемінде қайтарылады [26].

2016 жылдың 9 айы ішінде медиация жолымен қысқартылған азаматтық істердің саны 13372 құраса, 2015 жылдың осындай уақыт ішінде оның саны 4760 болған болатын.

Қазіргі уақытта республикада 967 кәсіпқой емес және 1920 кәсіпқой медиатор қызмет етуде, олардың 2016 жылдың 9 айы ішінде жеке немесе істің сотта қаралуы кезінде реттеген даулар саны 9000-ға жетеді. Медиация

институтының әрі қарай дамуы қоғамдағы барлық өзара қарым- қатынастардың қолайлы болуына өз септігін тигізеді.

Медиация институтын дамытуда «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры және т.б квазимемлекеттік кәсіпорындар белсенділік танытып отыр. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры 1100 медиаторды оқытқаны мәлім.

Медиация судья да, төреші де, қорғаушы да емес, екі тарапқа тиімді ортақ шешімді қабылдауға көмектесетін тараптар арасындағы келіссөздерді ұйымдастырушы, жанжалдасушы тұлғалардың арасындағы келісім рәсімінің қатысушылары.

Қазіргі уақытта Қазақстанда кәсіпқой және кәсіпқой емес медиаторлардың біртұтас тізілімі жоқ. Қазақстан Республикасының аумағында медиацияны жүзеге асыратын медиаторлардың ұйымында өзінің кәсіпқой медиаторлар тізілімі бар. Кәсіби емес негізде медиацияны жүзеге асыратын медиаторлардың кәсіпқой емес тізілімін аудан (облыстық маңызы бар қала), қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі жасайды.

Медиацияны өткізу бойынша медиаторлар қызметін материалдық, ұйымдастырушылық- құқықтық жағынан қамтамасыз ету үшін және басқа да жағдайларды жасау үшін ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңымен бекітілген тәртіпке сәйкес, коммерциялық емес, мемлекеттік емес, өзін-өзі қаржыландыратын, өзін-өзі басқаратын бірлестіктер түрінде медиаторлардың ұйымдары құрылады. Медиаторлар ұйымдары медиация бойынша тиісті даярлықтан өткені туралы құжат (сертификат) бере отырып, медиаторларды кәсіби даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды өткізуге құқылы. Медиаторлардың ұйымына немесе медиаторлар қоғамдастығына (одағына) кіру ерікті түрде жүзеге асырылады. Медиаторлардың ұйымына немесе медиаторлар қоғамдастығына (одағына) кіру жарнасын төлеуге тыйым салынған. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жалпы және құқықтық мәдениеті анағұрлым жоғары жерлерде медиация кең таралған, себебі ол азаматтық қоғамның қалыптасуына септігін тигізеді. Қазақстанда медиация Заңының қолданысқа енгеніне 5-6 жыл

болса да, енді ғана ұйымдар мен халықтың арасында медиация туралы түсінік пайда бола бастады.

Медиацияның даму болашағы өте зор, себебі медиация жанжалдасушы тараптарға қолайлы шешім қабылдайтын икемді рәсім. Медиация тәртібімен дауды реттеу мен бейбіт келісім жасаудың ұқсас жақтары бар. Егер бейбіт келісімшарттары талап арыз шеңберінен тыс болса, сот бейбіт келісімді бекітпейді, оның үстіне заңнама тәртібінде соттың бейбіт келісімді жартылай бекітуі қарастырылмаған. Медиация кезінде тараптар айтылған ұстанымдардан бастартып, дауды реттеудің түрлі жолдарын қарастыра алатындығы — медиацияның, бейбіт келісімге қарағанда, пайдалылығы жағынан айырмашылығы бар екенін көрсетеді.

Дауды реттеу туралы медиативтік келісім сот процесі барысында да, соттан тыс тәртіпте де жүзеге асырылады. Тараптардың соттан тыс тәртіпте жасаған медиативтік келісімдердің азаматтық- құқықтық келісімшартпен тең күші бар, сол себепті тараптардың бірі келісімді орындауға бастартқан жағдайда, мүдделі тарап жеңілдетілген (жазбаша) іс жүргізу тәртібіне сәйкес, келісім бойынша міндетті орындау туралы шағымымен сотқа жүгінуге құқығы бар. Осыған орай істің сотта қаралуы аясында медиацияның жүзеге асырылуы тиімдірек және оның үстіне төленген мемлекеттік баж төлеген тұлғаға қайта қайтарылады. Егер тараптың бірі сотпен бекітілген медиативтік келісімнің шартын орындамаса, онда екінші тарап медиативтік келісімді мәжбүрлі түрде орындату туралы шағыммен сотқа жүгінуге құқы бар. Азаматтық іс бойынша азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да құқықтық қатынастардан туындаған дауларды реттеу бойынша медиация рәсімінің басталуының өзі белгілі бір іс бойынша сот ісін тоқтатуға негіз бола алады. Осылайша тараптар сот процесі барысында «үзіліс» алуға және тараптар үшін өзара тиімді шешімді табу үшін жалпы алғанда 2 айға істі тоқтатуға құқы бар.

Онша ауыр емес және ауырлығы орташа санаттағы қылмыстық істерді сот, анықтау және тергеу органдары тараптардың медиация тәртібімен келісімге келуі негізінде қысқартады. Қылмыстық сот өндірісінің басты

міндеттерінің бірі — татуластыруға ықпал ету. Медиация жеке, қылмыстық құқықта көтермелеу әдісі, қылмыспен күресте ымыраға келу институты ретінде танылады. Көрсетілген талаптарға толық мәнде екі қылмыстық-құқықтық институт жауап береді: шын өкіну және жәбірленушімен татуласу. Медиация институтына жалпы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 88-1 бабында көрсетілген нормалар жатқызылады.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ӘАЙ-КҮЙІ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

2.1 Қазақстан Республикасында медиацияның қалыптасуы және дамуы

Азаматтық жүйенің кемшіліктері туралы көптеген пікірлерді талдау негізінде көптеген Еуропа елдерінде сот ісін жүргізуге бағытталған бұл есеп дауларды реттеу бойынша қызмет көрсету проблемасына сәйкес келетін критерийлері:

- қаржылық қолжетімділік-барлық азаматтар үшін, олардың қаражатына қарамастан;
- қол жетімділік-негізсіз шектеулердің болмауы;
- түсініктілік – азаматтар өздерін тыныш елестете алатындай заңгер емес адамдар үшін дербес жағдайда айтылып өзін невыгодное ереже;
- сәйкестік-дауды реттеу процесі дауға сәйкес келуі керек;
- жылдамдық-шешілмеген проблемадан белгісіздік мерзімін азайту;
- тұрақтылық - белгілі бір дәрежеде болжамдылықты қамтамасыз ету;
- сенімділік-дау-дамайды шешетін орын, оның адалдығы мен сенімділігі сенімді клиенттер болу;
- тоғыстыру – бейтарап тараптар осы мәселелерді реттеу үшін шақырылады олардың тәжірибесі мен білімі шынымен қажет болатын даулар;
- жалтару (сот талқылауынан) – балама әдістердің қол жетімділігі, судьяға жүгіну соңғы кезекте жүзеге асырылуы үшін;
- пропорционалдылық-басқаша айтқанда, іс жүргізу шығындары даудағы сомаға қатысты әдепкі.

Осы есепте мен кешенді саясатты енгізуді ұсынамын Қазақстанда сот төрелігінің қолжетімділігі реформасының маңызды бөлігі ретінде дауларды реттеу, мен сондай-ақ соттардың азаматтық істерді қалай жүргізетініне түбегейлі өзгерістер енгізуге шақырамын дауға қатысушы Тараптармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, медиацияны жүргізу.

Медиация әлі де тиісті назар мен қабылдауды алған жоқ заң шығарушы органдар тарапынан да, кәсіпқойлар мен қалың жұртшылық тарапынан да. Бұл мәселені шешу үшін менің негізгі ұсынысым Қазақстан Үкіметі мен Парламенті "құқықтық қатынастардың заңнамалық қозғаушысы" ретінде және соттар "реформалар зертханасы" ретінде. Мен өз тұжырымдарымда медиация туралы айтып отырмын, Қазақстандағы АРС қозғалысының маңызды бөлігі ретінде өзінің әлеуетін айқын көрсетеді. Мен әділеттілікке қол жетімділікті жақсарту үшін дәлелдер келтіремін медиация мен сот арасындағы теңгерімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету талқылаумен дауларды реттеу жүйесінің жобасы мыналарға негізделуі тиіс: дауларды ерте кезеңде алдын алу және реттеу тұжырымдамалары.

Ұсынылатын заңнамалық тәсіл медиацияға бағыттың үш түрін белгілеуге бағытталған: ерікті, квази-бас тарту құқығымен міндетті және міндетті, егер ол орынды. Мұндай тәсіл кейбір судьялар үшін деструктивті болып көрінуі мүмкін заңгерлер, бірақ оның екі негізгі артықшылығы бар: айтарлықтай төмендеу сот шешімін күту уақыты және қаралмаған істердің саны, бір тараптар, сондай-ақ уақыт пен ақшаны үнемдеу және тараптардың қанағаттанушылығын арттыру екінші жағынан, "адам адамымен әділеттілік". Саласындағы ұсынымдар заңдар соттар тезірек болады деген болжамға негізделген сондықтан мен сот жүйесінің әлеуетін арттыруды ұсынамын сондай-ақ соттар мен соттар арасындағы ерекше мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқылы АРС қызметтерін жеке институционалдық жеткізушілер. Қазақстанның кешенді және тұтас өндірісті дамытуға зор әлеуеті бар дауларды шешу жүйелері.

Белгілі бір түзетулер енгізу керек және қолданыстағы сот медиация бағдарламаларын жетілдіру немесе жаңа бағдарламалар қабылдау медиация шешілуі үшін тараптардың ең ықтимал таңдауы болуы үшін дау.

Тиімділік пен тұтастыққа қол жеткізу үшін агрессивті мақсат қою қажет Медиация бағдарламалары сотта. Мысалы, пилоттық бағдарламаларды іске асырудың бірінші жылында сотта медиацияны азаматтық істер санының кем дегенде 30% - ын төмендегілерге жіберу керек медиация, жіберілген істердің

50% - ы медиация барысында және тараптардың 90% - ы шешілуі тиіс дауда Медиация процесі, оның нәтижесі мен әрекеттері қанағаттандырылуға тиіс медиатор. Табысқа жетудің алғышарты судьялар мен адвокаттардың қабылдауы болады дау-дамайды қарау тәсіліне қатысты өзгерістер, өз емес оларға қалай жүктелген. Сот басшылары мен заң жетекшілерінің басты міндеті осылайша, қауымдастықтар алқалы басқаруды жүзеге асырады судьялар мен адвокаттар арасындағы талқылауларды көтермелеуге, сондай-ақ шектен тыс скептицизм және реформаларды жүзеге асырудан бас тарту. Ұсынылатын өзгерістерді іске асыру медиация бағдарламасы сотта табыс немесе табыс деген болжамға негізделуі керек. өзгерістердің сәтсіздігі мұндай өзгерістердің себептері мен себептеріне байланысты емес, ал олардың қалай жүзеге асырылғанынан және бақыланғанынан көп дәрежеде [27]. Соттардың медиацияны қолдануды ілгерілетуге ұмтылысы оқшау болмауға тиіс. Сот саясатының негізгі ойыншылары бағдарламалардың дамуын ашық түрде қолдауы керек медиация бойынша, дау тараптарына (соның ішінде мемлекетке) ықпал ету медиацияны байыпты қабылдады, тараптардың уақыты мен ақшасын үнемдеуге ықпал етті және алу, сондай-ақ медиацияның басқа да артықшылықтарын алу үшін қажетті Медиация схемаларын қаржыландыру және бірыңғай нормативтік құқықтық базаны әзірлеуге өз үлесін қосу. Тұрақты ақпарат алмасу және күшейтілген институционалдық дауларды реттеу жүйесін әзірлеуге қатысты ынтымақтастықтың ерекше осы есепте ұсынылған ұсынымдарды іске асыру үшін маңызды мән.

Жеке секторда Медиацияны дамыту және қолдану қажеттілігіне қатысты нарықтық тетіктер негізінде шешімдерге жүгіну арқылы негізгі ойыншылар жұмыс сапасын қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларды қолдау қажет әзірленген және қабылданған өзін-өзі реттеу тетіктері арқылы медиаторларды даярлау медиаторлардың мемлекеттік емес қауымдастықтары. Медиаторларға әрекет ету ұсынылады және осы жаңа халықтың сенімі мен ықыласына ие болу үшін үйлесімді әрекет етіңіз мамандықтар. Алайда, заң стандарттардың қажетті

минимумын белгілеуі керек бастапқы дайындық кезінде оқу жоспарына қатысты Медиация сапасын бағалау медиаторлар.

Қорытындылай келе, болашақ белгісіз, бірақ бағаланғаннан кейін бәріміз келісе аламыз Қазақстандағы медиацияға қатысты нормативтік-құқықтық базаның қазіргі жай-күйі, мен осы елдегі дауларды реттеудің болашағы медиацияға жататынына сенемін. Мен американдық заңгерлер қауымдастығына өте ризамын., ол маған осындай артықшылықты міндет жүктелді.

Есептің бұл бөлігі Қазақстан Республикасының "Медиация туралы" Заңына халықаралық нормативтік-құқықтық реттеудің үздік тәжірибелері тұрғысынан. Есепте бізге проблемалық болып табылатын нормалар ғана қарастырылады, толық емес, сәйкес келмейтін, жеткіліксіз немесе сәйкес келмейтін халықаралық стандарттар [28].

Әрбір тиісті норманы бағалау келесі түсініктемелерде келтірілген заңның әрбір тиісті бабымен белгіленеді. Ұсыныстар бойынша ықтимал көрсетілген баптарды жетілдіру не ұсынылатын жобалар түрінде ұсынылды немесе заңға ұсынылатын өзгерістер түрінде беріледі.

1-бапқа түсініктеме:

1-тармақ қылмыстық істер бойынша медиацияны келесі жағдайларда ғана жүргізуге мүмкіндік береді бірақ оған дейін емес. Бұл 27-баптың 7-тармағына сәйкес келмейді және оған қайшы келеді. Айыптау тіпті медиацияны бастауға құқылы болуы керек, қылмыс жасады деген айып сотқа қалай беріледі? Бұл жақсартуға көмектеседі күдіктілердің медиацияға адал қатысуына қызығушылығы.

Азаматтық істер бойынша дауды реттеу туралы келісімге келетін болсақ, мұндай келісімге дейін де, одан кейін де қол жеткізілуі тиіс екенін нақтылау енгізу даудың пайда болуы.

Жаңа қосымша тармақтың ұсынылған мәтіні: Үлгілік мақала

Осы Заңның күші осы Заңның қолданылу дейін қол жеткізілген тараптар арасындағы Келісімді қоса алғанда, медиацияны дау, заң немесе ұйғарым, ұйғарым немесе ұсыным пайда болғаннан кейін сот 2-тармақ көптеген адамдар

қатысатын дау тұрғысынан проблеманы білдіреді өйткені тараптардың мүдделері барлық тараптар болса да айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін дауды қоспағанда, дауды (немесе оның бір бөлігін) медиацияға беруге келіседі, бұған келіспейтін тарап әрқашан араласып, қалған тараптарды айыра алады өзара дауды шешуге тырысу мүмкіндігі. Медиация әрқашан болуы керек медиация рәсіміне қатысуға келіскен тараптар үшін рұқсат етілген.

3-тармақ Медиация үшін зиянды және жойылуы керек. Мемлекет нақты болуы керек

медиацияны байыпты қабылдайтынын көрсету және іс жүзінде ол жоқ екенін көрсету мемлекет әрекет ететін жағдайларда медиация рәсімін жүргізуге ғана мүмкіндік береді даудың тарабы ретінде, сонымен қатар мемлекет өкілдерін мемлекет қатысатын әрбір дау, оны реттеу мүмкіндігіне медиация тәртібімен. Қабылданған және мәлімделген бірінші кезектегі шара ретінде медиация мемлекет бұл бағыттағы алғашқы қадам болуы мүмкін. Сот жүйесіне қатысты даудың тарабы болған жағдайда, арнайы комиссия бойынша ұсыныстарды қараңыз. сот талқылауы шеңберінде дауды шешудің балама әдістері туралы заң. 2-бапқа түсініктеме:

1-тармақ дауды реттеу туралы келісімге анықтама береді. Заңның неге екені белгісіз ауызша келісім жасау мүмкіндігін жоққа шығарады, мысалы, ауызша кешірім көршілер арасындағы даулар көбінесе дауды шешуге жеткілікті. Сондықтан Нидерландыда, Австрияда, Словенияда және Болгарияда тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу жазбаша нысанда ғана емес. Дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім де маңызды төрелік процесінде ерікті төрелік шешім нысанын қабылдау тараптар медиацияны ("Медиация терезесі") сынап көруге келіседі, өздерінің дау төрешілерден ерікті төрелік шешім жазуды сұрайды. Бұл әсіресе трансшекаралық немесе халықаралық арбитраж жағдайында пайдалы әдіс, өйткені осылайша, тараптар тану және тану туралы Нью-Йорк Конвенциясының күшіне енеді шетелдік төрелік шешімдерді орындау. Соңғысы, дау тараптарының да соттан мақұлдауын сұрай

алуы керек олардың дауды медиация тәртібімен реттеу туралы өздері қол жеткізген келісімі сотқа талап арыз беріп, сот ұйғарымын алады.

Үлгілік мақала (дауды медиация тәртібімен реттеу) тараптар дауды реттеу туралы келісім тәртіппен келісуі мүмкін медиация сотта реттеу, ерікті түрде реттеу нысандарын қабылдай алады. Төрелік шешім, тікелей нотариаттық келісім немесе ауызша немесе жазбаша азаматтық-құқықтық шартты орындау. 2-тармақ медиаторға анықтама береді. "Медиатор" ұғымын анықтауға болады кез келген үшінші тұлға ретінде қарастырылуы мүмкін екенін қамтамасыз ету егер ол медиацияға сұрау салуды қабылдаса, медиатор ретінде әрекет етеді. Медиатор дау тараптары оған медиатор ретінде қатысуды ұсынған кезде түсінуге тиіс немесе медиация рәсімін жүргізу үшін медиатор тағайындайды, сондықтан оны қабылдаңыз сұрау салу.

Сонымен қатар, ЕО Медиация директивасы (3В бабы) медиатордың не істей алатындығын анықтайды болу кез-келген адам, оның мәртебесіне, кәсібіне немесе тағайындау тәсіліне қарамастан. Осылайша, медиатор мамандығы жекелеген санаттардың тар шеңберімен шектелмейді мысалы, заңгерлер.

Үлгілік мақала (медиатор) "Медиатор-өткізу ұсынылған кез келген үшінші (жеке) тұлға медиация рәсімі, оның мәртебесіне немесе кәсібіне қарамастан және одан тыс оның қандай тәсілмен тағайындалғанына немесе сұрау салуына байланысты медиацияны жүргізу немесе осындай сұрау салуды қабылдаған адам." 5-тармақ медиацияның анықтамасын береді. Медиация процесс ретінде анықталады бейтарап үшінші тарап екі немесе одан да көп тараптар арасындағы диалогқа ықпал етеді дау. Татуластыру рәсімі медиацияға ұқсас, бірақ одан өзгеше бір маңызды аспект. Татуластыру рәсімі медиацияны процесс ретінде қарастырады, онда бейтарап үшінші тарап, татуластырушы тараптарға ұсына алады құқықтық ақпарат және (немесе) тараптарға ықтимал шешімдер ұсыну. Татуластырушылар олар әлдеқайда Директивті болуы мүмкін және процеске көбірек араласуы мүмкін мүдделерге бағдарланған медиаторлар.

Медиация судьяның дауды бітімге келу барысында аяқтау әрекеттерін қамтымауы керек осы дау бойынша сот процесін ұйымдастыру. Кейде тәуелсіз медиаторлар ретінде судьялар сөйлесін, бірақ бұл істі жүргізетіндер емес. Бұл опция, атап айтқанда, көрінеді, судьяларға қойылған шектеулер туралы өсіп келе жатқан түсініктерді білдіреді іс, сонымен бірге татуласудың "жетекшісі" рөлін атқарады. Шын мәнінде, бұл судьялар кеңесу бөлмесіне Кете алмайды, ал уақыт шектеулері жоқ оларға кез-келген адамның мүдделерін анықтай отырып, істі тереңірек түсінуге мүмкіндік береді дауды шешу процесі. Осыған байланысты келесі типтік жоба ұсынылады мақалалар: (Медиация) Медиация кез-келген процесті білдіреді, ол қалай аталса да, қалай болса да медиатор даудың екі немесе одан да көп тараптарына қол жеткізуге көмектесетін сілтеме тараптар бұл процесті бастағанына қарамастан, дау-дамайды келісу, немесе оны сот ұсынған немесе тағайындаған немесе заң бойынша тағайындаған. Бұл судья жүргізетін медиацияға да қатысты, ол ешқандай жауап бермейді осы дау бойынша сот тыңдауы. Бұл процесс мыналарды қамтымауы керек бойынша сот талқылауы кезінде дауды реттеуге судьялардың дау.

7-тармақ медиация туралы шартқа қатысты. Болашаққа қатысты Медиация туралы ережелер коммерциялық немесе азаматтық-құқықтық Шарттан туындайтын немесе оған жататын дауларға шарттық қатынастар бизнес үшін ең тиімді ынталандыру бірі болып табылады және жеке тұлғалардың басқару жөніндегі саясаты шеңберінде оларды медиацияға беру үшін тәуекелдерді. Медиацияның ерікті сипатын ескере отырып, ештеңе кедергі келтірмейді шарт тараптарына Медиация туралы тиісті ережені жазу керек. Дегенмен, заңдардың заңдылықты, атап айтқанда, мүмкіндікті қолдауы өте маңызды Медиация туралы ережелерді мәжбүрлеп орындауға жүгіну. Нормативтік-құқықтық ЕО базасы мүше мемлекеттерге қолдану мүмкіндігін қарастыруға кедергі келтірмейді барлық азаматтық және коммерциялық дауларға қатысты Медиация туралы Медиация туралы шарт жасасуға рұқсат етілген тұтынушылармен дауларды қоспағанда дау туындағаннан кейін ғана. Медиация туралы ережелер қандай шарт болмасын қаралуы тиіс олар ұсталады

және бұл тиіс бөлінетін актив. Атап айтқанда, трансшекаралық шарттар туралы ережені реттейтін қолданылатын құқықты анықтаған жөн негізгі шарттың қолданылатын құқығы болуы міндетті емес.

Медиация туралы ереженің тараптар үшін міндетті күші болуға тиіс. Дегенмен, егер медиация туралы ережелер стандартты ережелер ретінде жасалады, содан кейін олардың мүмкіндігі мәжбүрлеп орындау өте аз. Сондықтан медиация туралы ереженің кейбір минималды мазмұны болуы мүмкін медиация қызметтерінің негізгі жеткізушілері ұсынған, мысалы тараптарды анықтау, медиацияны қалай және қашан бастауға болады, қолдану аясы және оның ұзақтығы, қолданылатын іс жүргізу және материалдық құқық, орны, медиацияны жүргізу тілі және медиаторды таңдау әдісі. Дауды шешу туралы көп сатылы және көп деңгейлі ережелер жиі қолданылады трансшекаралық және/немесе халықаралық шарттар. Өткізуді ынталандыруға болады екі жақты келіссөздер, одан кейін медиация қолданылады және егер ол белгілі бір күндерде аяқталады, содан кейін арбитраж енгізу арқылы қолданылады коммерциялық дауларды реттеу туралы үлгілік ережелер (ескертпелер) облыстарында. Нұсқаулық, тексеру парақтары және т. б. сияқты тәжірибенің ең жақсы мысалдары американдық төрелік қауымдастығының (AAA), Халықаралық төрелік сауда палатасы (ICC), дауларды тиімді шешу орталығы (CEDR), Халықаралық дауларды шешу орталығы (ICDR), Еуропалық шешу орталығы арбитраж және медиация орталығы (JAMS) және басқа да негізгі дауларды шешудің балама әдістерін жеткізушілер ретінде қолданылуы мүмкін мұндай ережелерді құрастырушылар үшін құқықтық дереккөз.

Қарауға келесі тармақтарды ұсынамыз:

Үлгілік мақала (болашақ даулар бойынша медиация туралы ереже немесе келісім) Тараптар өздерінің болашақ дауларын беру туралы жазбаша түрде келісе алады, шарттық немесе өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын немесе оларға жататын талаптардың еркін шешілуі және реттелуі мүмкін бөліктері медиация. Тараптар ережені немесе шартты реттейтін қолданылатын құқықты айқындай алады медиация туралы.

1-тармақта аталған ереже немесе Медиация туралы шарт міндетті болып табылады тараптар үшін және негізгі шарттың болуына қарамастан орындалуы тиіс жарамсыз немесе жарамсыз деп танылды. Алдыңғы тармақтар тұтынушылармен болашақ дауларға қолданылмайды. Осы Заңда тараптар арасында медиацияны жүргізуге арналған шарт туралы айтылған кезде, сондай-ақ медиацияны жүргізетін мекеменің жазбаша ережелері түсініледі, тараптар осы ережелерді қолдануға тікелей келіскен жағдайда.

Үлгілік мақала (қолданыстағы даулар бойынша медиация туралы шарт) "Тараптар жазбаша түрде өздерінің барларын беруге келісе алады олардың шарттық қатынастарынан туындайтын немесе оларға қатысты даулар медиацияға еркін шешілуі және реттелуі мүмкін талаптар. Алдыңғы тармақта көрсетілген Медиация туралы шарт тараптардың және орындалуға жатады." Осы баптың 8-тармағы үшінші тұлғаларды да қамтуы тиіс Медиация- бұл әсіресе олардың принципті құрметтеу міндетіне байланысты маңызды құпиялылық.

Қауымдастықтардағы алғашқы Медиация бағдарламалары АҚШ-та 1960 жылдардан бастап Филадельфия, Колумбия Штаттарында енгізілгені белгілі және Огайо жергілікті прокурорлар мен судьялардың бастамасы бойынша. Бүгінгі таңда медиация бағдарламалары әртүрлі ақпараттық жүйелерден, атап айтқанда жергілікті әкімшіліктерден, штат билеушілерінен, жеке қорлардан, шіркеулерден, федералды үкіметтен қаржыландырылады. Көбінесе медиацияға қоғамдық тыныштық пен ұсақ құқық бұзушылықтар бұзылған жағдайда жүгінеді. Қоғамдағы медиацияның ерекшелігі-Медиация орталықтарына көмектесу үшін волонтерларды тарту. Сингапурда 1997 жылғы қоғамдық Медиация орталықтарының актісі деп аталатын қоғамдық медиацияны реттеу туралы арнайы заң бар. қоғамдық Медиация. Сондай-ақ, директорды қайта тағайындау жөніндегі уәкілетті Министр кез-келген адамды Орталықтың қызметкері ретінде тағайындай алады, сонымен бірге ол кез-келген тағайындауды жоюға құқылы. Медиатор сыйақысының сомасын Министр

белгілейді. Медиация отырысын орталықтың дирекциясы осы мақсат үшін тағайындаған бір де, бірнеше медиаторлар да өткізе алады.

Бірде-бір дауды орталық оның келісімінсіз қабылдай алмайды. онда директор. Медиация кез келген уақытта тоқтатылуы мүмкін медиатор да, директор да. Қоғамдық Медиация орталығында медиацияны жүргізу тәртібін директор белгілейді. Медиация жабық режимде жүргізіледі, алайда, директордың және дау тараптарының келісімімен даудың қатысушылары да отырысқа қатыса алады.

Қауымдық медиация рәсімі отбасылық, әлеуметтік және қауымдық сипаттағы дауларға қолданылады. Медиация осы дау бойынша іс сот немесе төрелік талқылаудың нысанасы болып табылатынына қарамастан қолданылуы мүмкін.

Медиация институтын дамыту саласындағы қазақстандық және шетелдік тәжірибені талдау осы институтты дамыту бағытының неғұрлым елеулі мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік берді. Медиацияны одан әрі жетілдіру дәйекті және жан-жақты тәсілді қажет ететіні анық, оны тек заңнаманы косметикалық түрлендірумен ғана шектеуге болмайды. Медиацияны дамыту ұйымдастыру шараларының кешенін іске асыруды және медиаторлар ұйымдарымен тығыз өзара іс-қимылды талап етеді.

2.2 Медиация институтының жүзеге асырудағы бірыңғай саясатты ұстанудың бағыттары

Қазіргі қоғамда азаматтар өздерінің құқықтары мен мүдделерін өз бетінше қорғауға қабілетті белсенді субъект ретінде қабылданады. Осындай қоғамда өмір сүру үшін диалог режимі шешуші болып табылады. Осыған орай, бүгінде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау проблемасымен қатар, жанжалдарды бәсекелестіктен ынтымақтастыққа көшу арқылы шешу жолдары өткір мәселе болып тұр. Қазіргі заманғы құқықтық жүйенің объективті қажеттілігі - балама процедуралардың пайда болуы болып табылады. Бұл жерде

медиация құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың инновациялық нысандарының бірі болып табылады.

Медиация – дауларды балама түрде шешудің тәсілдері деп танысақ, ал батыс еуропа елдерінде мемлекеттік және арбитраждық (төрелік) сот ісін жүргізуге балама ретінде қабылданады. Медиация бұл жанжалдарды шешудің ең тиімді технологияларының бірі.

Қазіргі әдебиеттерде «медиация» ұғымының мазмұнына әртүрлі көзқарастар ұсынылған: нормативтік (қақтығыстарды шешудің бейбіт құралдарының бірі), коммуникативті (дау тараптарының тиімді ымырасына әкелетін үш жақты келіссөздер мен ақпарат алмасу процесі), функционалды (тактикалық әдістердің үйлесімі, жанжалдарды өзара қолайлы шешуге қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар), «Гарвард» (жанжалдарды шешудің консультативтік нұсқасы), психологиялық (жанжалды шешу әдісі, оның барысында оны қайта қарастыру және оның пайда болу себептерін жою).

Соңғы онжылдықтарда медиация өте қарқынды дамып келеді және халықаралық қауымдастық қазіргі әлемнің сын – қатерлеріне жауап беретін дауларды шешудің әмбебап әдісі ретінде қабылдануда, ол адамды мынадай қиын міндетке қояды: ұлттық қауымдастықтар мен жеке адамдар арасындағы тепе-теңдікті табу, адамның жеке қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруға деген табиғи ұмтылысын күшейту.

Медиация (лат. *mediare* делдалдық) – бұл тәуелсіз және бейтарап тарап-медиатор қарама-қайшылықты тараптарға қысқа мерзімде бірлескен күш-жігермен көмектеседі және өзара мүдделерді ескере отырып, олардың әрқайсысы үшін қажет немесе кем дегенде қолайлы шешімге келеді.

Медиация әрдайым жанжалды реттеудің оңтайлы тәсілі бола бермейді, кейде бұл жай ғана қолайсыз.

Мұндай жағдайларда жанжалдарды (дауларды) шешудің балама тәсілдері:

1. Шағын сот. Жанжал тараптары сот немесе баспасөзде жариялауды күтуді қаламайды. Тараптарды тыңдау үшін зейнетке шыққан бұрынғы судья

шақырылады, ал қақтығысты шешу әдісі-шағын сот. Тараптар сот қымбат және ұзақ рәсім екенін түсінеді.

2. Төрешілік (лат. *arbitror* сену, санау, ойлау) - бұл соттың бейресми процедурасы, онда төрешілердің рөлін төрешілер деп атайды, оған тараптар өз еркімен қатысады және істі клиенттің көзқарасы бойынша баяндайтын адвокаттар ұсынады, ал төрешілер қорытынды бойынша шешім шығарады.

3. Сараптамалық бағалау (лат. *expertus* тәжірибелі) тараптар үшін ерікті процесс, онда үшінші бейтарап тарап (талданатын қақтығыс саласындағы маман) талқыланған мәселелерге баға береді.

4. Негоциация (ағылш. *negotio* келіссөздер жүргізу) екі тарап үшін де қызығушылық тудыратын мәселе бойынша келісім-шарт жасау мақсатында екі немесе одан да көп тараптар қатысатын процесс. Бұл екі тараптың қалауы бойынша әрекет ететін процесс, олардың келіссөздерге қатысуына ешкімнің құқығы жоқ.

5. Фасилитация (лат. *fas* рұқсат етілген, мүмкін) келіссөздер нысаны, онда үшінші тарап келіссөздер қатысушыларына консенсусқа қол жеткізуге көмектеседі. Фасилитатор-медиатор, бірақ аз дәрежеде ол тараптарды жақындастырумен айналысады, кедергілерді алып тастайды, екі жақтың бір-біріне қозғалысын жеңілдетеді.

6. Консилитация (лат. *consilium* жиналыс, кеңес, шешім, жоспар) келіссөздер нысаны, онда үшінші тарап пікірді хабарлайды және қарама-қарсы тараптар арасындағы шешімдерді қорытындылайды.

7. Әлеуметтік серіктестік ықтимал қақтығыстағы өзара әрекеттесуші тараптардың алдын-алу рөліне негізделген, мұнда тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа алдын-ала талап қояды және қақтығыстың алдын-алу және оны сындарлы бағытқа ауыстырудан гөрі жеңілдіктер жасайды.

Бұл тізім толық емес, өйткені іс жүзінде осы түрлердің әрқайсысының өзгеруі өте бай.

Сондықтан жанжалды басқару әдісін таңдағанда, туындаған мәселені шешудің ең қолайлы әдісін таңдау керек. Медиацияның маңызды сипаттамасы-

бұл тараптарға олардың қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес келетін шешім таңдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылы заңды түрде бекітіліп, нақты тапсырмалар да берілді. 2013 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазақстанда соттан тыс делдалдың көмегімен бітістіру процесі – медиация институты құрылды. Бұл екі жақ та келісетін шешім қабылдануы мүмкін істерді қараудан соттарды біртіндеп босату үшін алғышарт жасайды. Бұл институтты дамытып, әлемдік деңгейге жеткізу қажет. Қазақстанның құқық жүйесін дамытудың ауқымды әлеуеті әсіресе әлеуметтік саладағы даулар мен қақтығыстарды шешудің баламалық жолдарын енгізуде жатыр. Медиация туралы заңнаманың жетілмегендігі біздің еліміздегі даулы жағдайларды реттейтін соттық емес институттардың дамуын тежеп отыр. Биылғы жылы барлық істің 1 пайызы ғана медиация тетіктерінің пайдаланылуымен қаралды. Медиация туралы отандық заңнаманы халықаралық стандарттармен сәйкестендіру керек. Бұл Қазақстанның сот жүйесіне оң ықпал етеді, соттардың жүгін жеңілдетуге септігін тигізетін болады. Сонымен қатар іскерлік белсенділікті арттыруға, елде қолайлы инвестициялық ахуал орнатуға әсер етеді», деген болатын[1]. Алайда бұл медиация институтының жұмысы Елбасы айтқандай жанданып кетпеді. Мүлдем жұмыс жүргізілмеді дегеннен аулақпыз алайда нәтиже көңіл көншітпегені анық. Осыны алға тартқан мемлекет басышысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында Медиация туралы Заң бойынша үмітіміз әлі ақталмағанын, бүгінге дейін бірде-бір мемлекеттік орган осы медиация институтын дамытумен айналыспағандығын ашық айтты. Демек, 10 жыл бұрын қабылданған Заң өз деңгейінен аса алмады деген сөз [2]. Мұның себептері мен салдары да сан алуан. Жалпы, медиация институты бүгінгі таңда барлық мүмкіндіктер мен әлеуетті іске асырмайды деген пікірмен көпшілік келіседі деген ойдамыз. Сондықтан бұл мәселенің негізгі себептеріне тоқтала кетейік. Әуелі, қарапайым халық медиацияның

барлық мүмкіндігі мен әлеуетін жеткіліксіз біледі. Сонымен қатар, олардың медиаторға деген сенімдері аз. Өйткені кәсіби мықты, білімді де білікті медиаторлар санының аздығы да медиация институтының дәрежесін көтермей тұр. Қазір ақпараттық технологияның дамыған яғни, жаһандану заманы десек те халықтың құқықтық сауаттылығы мен мәдениеті төмен. Халық арасында қорғаудың тек сот және әкімшілік нысандары арқылы субъективті құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы қалыптасқан стереотиптер де бұл саланың дамуына біршама кедергі келтіруде.

Бүгінгі таңда медиация институтын дамыту бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың жақсы белсенділік танытып отырғандығын ерекше атап өткеніміз жөн. Бірақ бұл көрсеткіш республика көлемімен есептейтін болсақ тым төмен жұмыс көрсеткішін көрсетеді. Медиация институтын дамытудың бір тетігі ретінде Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында негізгі бағыт ретінде ұсынып, нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Бұл бойынша республиканың әр өңірінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесіндегі осы салаға жауапты мамандар барынша жақсы нәтиже көрсетуге тырысып бағуда.

Ұлан байтақ қазақтың қасиетті жерінде мекендеген бүгінгі ұрпақ Мәңгілік Елдің бақытты ұрпағы. Біздің мақсатымыз айқын, міндетіміз нақты, бағытымыз белгілі. Олай болса, Елбасы ұсынған стратегияларға қол жеткізу үшін біздің татулығымыз бен бейбітшілігіміз аса маңызды. Қазақстан Республикасын әлем елдеріне танытып, дамыған елдермен терезесінің теңелуіне, керегесінің кеңеюіне бар күш-жігерін арнаған қазақтың бағына туған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегі бәрімізге үлгі. Және біз Елбасы еңбегіне мәңгі қарыздармыз. Тәңір берген Тәуелсіздік деген тәтті сыйдың ғұмыры ұзақ болуын қаласақ, әрбір қазақстандық азамат ел дамуы жолында Елбасы көрсеткен бағыт пен бағдарды басты нысанға ала отырып, келешекке нық қадам жасауы керек. Әлем елдерін мойындатқан мықты саясаткер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясаты мен түрлі стратегиялық бағдарламалары біздің басты

бағдаршамымыз. Олай болса, жолымыз нұрлы, мақсатымыз айқын, бағдарымыз түзу болсын.

Медиация ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Оның туған жерін бірден АҚШ, Австралия және Ұлыбритания сияқты бірнеше ел деп атауға болады. Кейінірек дауларды шешудің бұл әдісі Еуропада таралды, қазіргі уақытта оны Жапония, Қытай, Корея, Үндістан және басқа да көптеген елдер белсенді қолданады. Бір қызығы, қазақ қоғамына медиация рәсімі ежелден бері қолданылып келеді. Ғасырлар бойы дауларды құрметті билер ақсақалдарының көмегімен шешу дәстүрі болған [29].

Қазақ жерінде сот жүйесі елімізге тансық және жат деп те айтуға болады, Ресейдің сот жүйесі ХХ-ғасырдың 30-шы жылдарында Қазақ сахарасында толық жұмыс істеді деп айту қиын. Әр түрлі даулар, мысалы алғанда жер дауы, жесір дауы билердің шешімімен іске асырылды. Билер шешімі екі жақты толығымен тыңдап, екі жақты да қанағаттанарлық шешім шығарған. Тіпті Ресейдің кейбір өңірлерінен өз дау дамайларын шешу мақсатында империялық сотқа емес, арнайы Қазақ жеріне билерге келіп жүгінген [15]. Осы жағдайларды ескере отырып, билер институты қазіргі медиация институтымен салыстыра отырып қайта жаңғырғанын көріп отырмыз.

Осы мәселелерді еске ала отырып, 2011 жылы Қазақстанда «Медиация туралы» заң қабылданды. Медиацияны Қазақстанда жаңалық ретінде қабылдау әбестік болар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып татуластырған дана билеріміздің бітімгершілік саясаты егемен елімізге жаңа серпінмен келгеніне келісуге болады.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру аясында іс жүргізу заңнамасы мен құқық қолдану практикасына қалпына келтіру әділ соты - медиация, құқық бұзушылықтарды соттан тыс реттеу элементтеріне енгізілді. Бұл қажеттілік қылмыстық саясатты ізгілендірумен де, процедураларды оңтайландыру қажеттілігімен де байланысты.

Қазір Қазақстанда медиация мен бітімгершіліктің бірыңғай орталығы жұмыс істейді. Орталықта медиация негіздерін оқытудан өткен мамандар жұмыс істейді. Медиаторлар адамдарға бір-бірін тыңдауға және даулы құқықтық мәселелер бойынша белгілі бір шешім табуға көмектеседі. Медиация идеясын Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткерлері Р. Тлеухан, И. И. Рогов, С. Ф. Бычкова, С. А. Дьяченко және басқалары белсенді алға тартты. "Медиация туралы" заң жобасын қабылдауда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі де ерекше [26].

"Медиация туралы" Заң қабылданғаннан кейін 10 жыл өткен соң, Қазақстанның медиация институтының дамуын атап өтуге болады. Қазіргі уақытта заң шығарушылар, Қазақстанның судьялар қауымдастығы азаматтар арасындағы жанжалдарды реттеудің осы әдісін дамытуды қолдайды. Егер бастапқыда медиация тек отбасылық және тұрмыстық қатынастарда қолданылса, онда оны қолдану аясы едәуір кеңейді. Қазір медиацияны мемлекеттік органдар мен азаматтар арасында қолдануға болады.

Медиаторлар бейтарап және эмоциялардан аулақ бола отырып, тараптағы дауды зерттеуге, сондай-ақ қатысушыларға жанжалды шешуге көмектеседі. Егер заңға сәйкес медиатордың рөлі туралы айтатын болсақ, онда Д.Ковалевтің ұстанымы дұрыс болып көрінеді, ол медиатордың негізгі міндетін былай анықтайды: "медиация рәсімі тараптардың медиатордың қатысуымен консенсусқа келіп, өзара қолайлы келісімге қол жеткізуі керектігіне негізделген. Мұндай рәсім сот сипатында емес. Медиатор төреші, даудың қандай да бір тарапының өкілі немесе тараптар арасындағы делдал болып табылмайды, дау бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ. Бұл тек дауды шешуге ықпал етеді, пікірталас барысында дау тараптарына олардың шынайы мүдделері мен қажеттіліктерін анықтауға, қақтығыстың барлық қатысушыларын қанағаттандыратын шешім табуға көмектеседі" [5]. А. А. Соловьев пен Ю. М. Филипповтың пікірінше, дауларды шешу практикасында медиацияның мұндай қарапайым таралуының себептері келесідей:

1. Медиация сот процедуралары жанжалға қатысушылар үшін өте қымбат елдерде белсенді қолданылады.

2. Медиация рәсімі қолданылуы мүмкін құқықтық қатынастардың ауқымы шектеулі.

3. Медиаторлардың, адвокаттардың, өкілдердің міндеттері мен функцияларының арасындағы айырмашылық.

4. Медиацияны дамытуға қатысудан сот жүйесін нақты өзін-өзі жою.

5. Өзінің тиімділігін дәлелдеген делдалға жүгіну рәсімін қолданудың шетелдік тәжірибесін жеткіліксіз зерделеу [6].

2021 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс жұмыс істей бастады. ӘРПК осы әкімшілік органның заңмен белгіленген жария функциялары іске асырылатын азамат пен әкімшілік органдары арасында туындайтын мемлекеттік-құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте Қазақстан заңнамасына енгізілген негізгі новеллалардың бірі әкімшілік дауларды, яғни медиация мен басқа да татуластыру рәсімдерін пайдалана отырып, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешу мүмкіндігі болып табылады.

Айта кету керек, бұған дейін заңнама да, сот практикасы да қоғамдық-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларда әлемдік келісімдерге жол бермеу идеясын дәйекті түрде қорғап, қарама-қарсы көзқарасқа негізделген.

Іс жүргізу заңнамасына келетін болсақ, ол ұзақ уақыт бойы қоғамдық-құқықтық дауларға татуластыру рәсімдерін қолдану мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы сұраққа тікелей жауап бермеді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі оңайлату, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 қарашадағы № 254-V ҚРЗ Заңымен сол кезде қолданыста болған Азаматтық процестік кодекске (1999 жылғы 13 шілдедегі) бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Мәселен, 25-баптың жаңа редакциясында сотқа ведомстволық бағынысты азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дау тараптардың келісімі бойынша медиация тәртібімен шешілуі немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған кезде төреліктің немесе аралық соттың қарауына берілуі мүмкін екендігі көзделген болатын.

Осылайша, медиация мүмкіндігі «азаматтық-құқықтық қатынастардан» туындаған даулармен ғана шектелді.

Бұдан басқа, кодекс «татуласу келісімі» деген 16-1-тараумен толықтырылды, онда «егер заңда өзгеше көзделмесе, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын және егер сот әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделері қозғалатын болса, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын істерден басқа, талап қою бойынша іс жүргізудің кез келген ісі бойынша татуласу келісімі жасалуы мүмкін» деп көзделген (173-2-баптың 2-бөлігі).

2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ қолданыстағы азаматтық-процестік кодексінде, сондай-ақ, «азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған сотқа ведомстволық бағынысты дау (жанжал) тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация, партисипативтік рәсім тәртібімен шешілуі немесе бұған заңда тыйым салынбаған жағдайларда, «Астана» халықаралық қаржы орталығы төрелігінің, сотының қарауына берілуі мүмкін» деп көзделеді.

«Татуластыру рәсімдері» АПК-нің 17-тарауды да қамтиды (174-182-баптар), онда татуластыру рәсімдері деп бітімгершілік келісім, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу түсініледі.

Бұл ретте, АПК-нің 174-бабының 3-бөлігінде «егер осы Кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, татуластыру рәсімдерін қолдана отырып, дауды реттеу туралы өтініш талап қою бойынша іс жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделуі мүмкін» деп белгіленген.

АПК-нің мәні бойынша татуластыру рәсімдерін ерекше талап қою іс жүргізуінің (жария-құқықтық қатынастардан туындайтын) істеріне қолдануға

болмайды, оның үстіне, АПК-нің ерекше талап қою іс жүргізуіне арналған 2-бөлімінің 3-кіші бөлімінің нормаларында татуласу мүмкіндігі туралы ештеңе айтылмайды.

«Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Қазақстан Республикасының Заңында «тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (жанжалдарға) медиация рәсімі қолданылмайды» деп белгіленген (1-баптың 3-тармағы)[11].

Бұл шектеу даулы құқықтық қатынастардың (жариялы-құқықтық) құқықтық сипатынан да емес, субъектілік құрамнан да туындайды. Сондықтан медиация рәсімін әкімшілік дауларға ғана емес, мемлекеттік орган қатысатын кез келген басқа да дауларға (оның ішінде азаматтық, еңбек, отбасылық) қолдануға болмайды.

Мұндай тәсіл кезінде тараптардың бірі лауазымды адам (немесе басқа мемлекеттік қызметші) не мемлекеттік орган болып табылмайтын, бірақ билік өкілеттіктерін жүзеге асыратын ұйым болып табылатын және АПК-нің 29-тарауының тәртібімен қаралатын даудың («мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу») тарапы бола алатын әкімшілік дауларға медиация рәсімі қолданылуы мүмкін бе екені белгісіз.

Бұл ретте ӘРПК ережелері қолданылмайтын қатынастар тізбесі көзделеді. ӘРПК байланысты қатынастарды реттемейді:

- 1) ҚПК, АПК және ӘҚБтК;
- 2) Конституциялық Кеңес және Жоғары Сот Кеңесі туралы заңдармен;
- 3) Мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау түрлерін жүзеге асыру тәртібі бөлігінде Бюджет заңнамасымен;

- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі бөлігінде "Құқықтық актілер туралы" Заңмен белгіленеді;
- 5) Сайлау және республикалық референдум туралы заңдармен;
- 6) Сыртқы барлау, қарсы барлау, жедел-іздігіру қызметі туралы, сондай-ақ күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күзет іс-шараларын жүргізу жөніндегі заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады;
- 7) Нотариат туралы нотариаттық іс-әрекеттер жасау бөлігіндегі заңдармен белгіленеді.

Осы жаңадан қолданысқа енген ӘРПК Қазақстанның әкімшілік органдары мен азаматтар арасында туындаған дауларды шешу жүйелерін кешенді және тұтас дамытуға зор әлеуеті бар.

Бүгінгі таңда медиация Қазақстанның кез-келген субъектісінде әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар ұсынатын қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал ете отырып, мемлекеттік қызметтер институтын жаңғырту процесіне біртіндеп интеграциялануда.

Мемлекеттік ұйымдардың құзыретіне кіретін даулы мәселелерді шешу тәжірибесі заңнаманы жетілдіру және оңшыл қоғамды одан әрі дамыту үшін қажетті, практикада алынған бірегей білім базасын құруға қызмет етуі тиіс[15].

Көбінесе қоғамдық бақылау субъектілеріне тек анықталған ауытқулар немесе бұзушылықтар туралы хабарлауға рұқсат етіледі. Мұндай күш-жігер мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы қатынастарды өзара сенім мен түсіністік қатынастарын қалыптастыруға ықпал ете ме? Әрең. А. В. Нестеров бұл туралы «қоғамдық бақылау жүйесін дамыту үшін икемді заңнамалық тетік талап етіледі, яғни мүдделі тараптардың реттеуші және диалогты әкімшілендіру (қатынастар, өзара әрекеттесулер және осындай диалогтың өнімдері) және уәкілетті субъектілердің, атап айтқанда мемлекеттік орган қызметкерінің заңды кепілдіктері қарастырылуы керек[18].

Басқаша айтқанда, барлық нормативтік құжаттарды тиімді пайдалану үшін қоғамдық бақылаудың бекітілген нысандарын, мемлекеттік органдар мен

қоғамның өзара іс-қимыл жүйесін тікелей келісу тетігімен толықтыру қажет қоғамдық бақылау субъектілерінің қатысуымен мемлекеттік органдар (мемлекет) және қоғам арасындағы маңызды мәселелерді шешу үшін.

Медиация рәсімінің негізгі қағидаларының бірі - еріктілік және адамдар арасындағы елеулі әлеуметтік – мәдени айырмашылықтарды ескеру - Қазақстан сияқты көпұлтты елдің мемлекеттік мекемелерінің құзыретіне кіретін әртүрлі мәселелерді шешуде оны таптырмайтын етеді.

Медиация рәсімін мемлекеттік инстанцияларға енгізу мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға да, халықты маңызды мәселелерді шешуге өз бетінше белсенді қатысу қажеттілігін түсінуге итермелеуге мүмкіндік береді: құқықтық сауаттылықты арттыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, билік өкілдерімен, басқа да әлеуметтік топтармен және карама-қарсы нанымдары мен мүдделері бар адамдардың бірлестіктерімен өркениетті өзара іс-қимыл жасауға ұмтылу.

Медиацияны қолдану Қазақстан азаматтарының нақты мүдделеріне және қақтығыс жағдайын жан-жақты талдауға сүйене отырып, әртүрлі даулы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, бұл халықтың билікке деген сенімін арттыруға, қауіпсіздік сезімін қалыптастыруға және сайып келгенде, жалпы елімізде және қандайда белгілі бір әкімшілік бірлікте әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға қызмет етеді.

2.3 Қазақстан Республикасында медиация институтын жетілдіру жолдары

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылы заңды түрде бекітіліп бастау алды. Осы заңмен бірге құқықтық жанжалдарды реттеу кезінде медиацияны кең көлемде және қарқынды дамуын күттік. Бірақ, 2020 жылғы 1 қыркүйектегі мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Халқына жолдауында осыдан он жыл бұрын Медиация туралы Заңын қабылдаған кезіндегі үмітіміз әлі ақталмағанын, бүгінге дейін бірде-бір мемлекеттік орган осы медиация институтын дамытумен айналыспағандығын

және нақты мемлекеттік саясаттың жоқ екендігін айқындады. Сонымен қатар, туындаған мәселені шешу жолдарын қолға алуды ұсынды [2].

Өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамда әр түрлі жанжалдар, келіспеушіліктер, ұрыс-керістер және даулар орын алып жатады. Әрине, оның шешімін сот шығарады, бірақ, сотқа дейінгі істі шешетін медиация қызметі бар. Азаматтарға заң саласындағы көмектің ең маңыздысы: міндеттерін айқындап беру және даулы жағдайларды шешу болып табылады. Кез-келген мемлекет заңмен байланысты: заңдар мен ережелер жиынтығы болмаса мемлекет азаматтардың мінез-құлқы мен ұйымдардың қызметін басқара алмайды. Заңдар болмаса бір территорияда тұратын адамдар арасында тәртіпті сақтау мүмкін емес, ішкі қақтығыстар жағдайында тұрақтылық орнату және өз жерлерін жаулардың қол сұғылмаушылығынан қорғау да мүмкіндік жоқ болады. Алайда сұрақ туындайды, мемлекет өз азаматтарын қалай заңды түрде қорғайды? Заңды көмек ұғымы нені білдіреді және бүгінгі тұрақсыздық заманында неге сене аламыз? Кепілдендірілген заңгерлік көмек алу үшін біздің мемлекетімізге қандай саланы жақсарту керек? Осылайша, мәселені шешетін делдал, яғни үшінші тәуелсіз тұлғаның қатысуы қажет екендігі белгіленеді. Үздік халықаралық тәжірибеге қарағандай, татуласу рәсімдерін пайдалану атап айтқанда медиация институты арқылы мемлекеттің сот процестеріне жұмсайтын шығындарды азайту, түрме халқының санын қысқарту және т.б. сияқты бірқатар проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін бірден бір ұтымды нұсқасы осы институт болып табылады.

Ал қазақтың тұрмысында бұндай жайт тек осы заманда емес, ерте заманнан келе жатқан құбылыс. Оған дәлел «Жеті жарғы» заңдар жинағында көрсетілгендей дауды шешу билер мен ақсақалдарға жүктелген. Нақты айтқанда, медиация институты бізге жат емес, керісінше шетелдік тәжірибені ескере отырып өз тарихымыздың ескі негіздерін біріктіріп медиация туралы заңын жетілдіруге мүмкіндігіміз зор.

Медиация дегеніміз жанжалдарды баламалы шешудің жеңіл түрі болып табылады. Медиация рәсімі кезінде тараптар медиаторды таңдау құқығына ие

және оның білімі, тәжірибесі, кәсіптік шеберлігіне сүйене отырып өзара тиімді шешімге жетеді. Дау-дамайдың шешілуі толықтай тараптардың өздерінің күш-жігеріне және қалауларына байланысты. Ең басты медиацияның ерекшелігі тараптардың эмоционалдық күшін, ақшасын және уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Әрине, мемлекетке тиетін үлесі де зор болғандықтан, медиация институтын дамыту алдыңғы қатарда болуы тиіс.

ҚР Медиация туралы заңында егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Осы көрсетілген қатынастардан туындайтын дауларға (жанжалдарға), егер мұндай даулар (жанжалдар) медиация рәсіміне қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса, медиация рәсімі қолданылмайды.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға) медиация рәсімі қолданылмайды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды [15].

Соңғы он жылдықтарда Қазақстанда медиация институты өте қарқынды дамып келеді және де халықаралық қауымдастық қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне жауап беретін дау-жанжалдарды шешуді әмбебап тәсілі ретінде

қабылдауда, ол адамды қазіргі қиын жаһандану уақытында, ұлттық қауымдастықтар мен жеке тұлғалардың өміріне қол сұғылмайтын тепе-теңдікті табу мақсатында, адамның жеке қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруға деген табиғи ұмытылысы.

Медиацияның мәні - жеке адамның, ұйымның және мемлекеттің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, ынтымақтастық қатынастарын қалпына келтіру және қарсы тұрған тараптардың жағдайын бағалау, осындай дағдылары бар кәсіби әлеуметтік қызметкерлер. Медиация жөніндегі мамандар делдал бола алатын арнайы медиациялық келіссөздер процесінде өз құқықтары мен міндеттеріне құқықтық тұрғыдан қарауды қалпына келтіруге көмектесу болып табылады, оның ішінде әлеуметтік қызметкерлер немесе заңгерлер, құқық қорғаушылар мен адвокаттар, сондай-ақ еріктілер - "медиаторлар". Қылмыстық істер бойынша медиацияның орталық пункті қылмыспен келтірілген "зиянды қалпына келтіру" туралы мәселе болып табылады. Азаматтық істер бойынша медиацияның орталық пункті, төрелік практикасында қалыптасқан жағдайдан шығу үшін тараптардың іс-әрекеттерін келісу туралы мәселе болып табылады: проблемалық жағдайды шешуде консенсус іздеу. Медиациялық келісімге отыру - тараптардың татуласу құқығын қамтамасыз ете отырып, жағдайдың күрделілігіне, оның ішінде қылмыстың ауырлығына қарамастан, сот ісін жүргізудің барлық кезеңдерінде, сондай-ақ үкімді орындау кезеңінде мүмкін болады. Бұл ретте сапалы жүзеге асырылған медиация тараптар үшін заңды салдарларға, атап айтқанда, тараптардың татуласуы арқылы қылмыстық істі тоқтатуға әкеп соғуы мүмкін және әкеп соғуы тиіс [18].

Алуан түрлі факторларға байланысты медиация институты бүгінгі таңда барлық мүмкіндіктер мен әлеуетті іске асырмайды. Бұл мәселенің негізгі себептерін атап өтсек болады:

- қарапайым халықтың медиацияның барлық мүмкіндіктері мен әлеуетін жеткіліксіз білмеуі, сондай-ақ медиаторларға деген сенімсіздігі, яғни кәсіпті медиатордың аздығы;

- әлі де халықтың құқықтық мәдениетінің жоқтығы;

- халық арасында қорғаудың тек сот және әкімшілік нысандары арқылы субъективті құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы қалыптасқан стереотиптер;

- кәсіби медиатордың біліктілік шеберлігі қандай деңгейде болуы керек екендігін түсіну мәселелері және т.б.

Еуропада қарқынды дамыған медиация институтының бір моделі ретінде Голландиялық модель, ол мемлекеттік сот пен тәуелсіз жеке іс-қимыл медиаторының өзара әрекеттесуін қамтиды. Атап айтқанда, голландиялық модель аясында мемлекеттік соттар Нидерландтық Медиация институтымен тығыз жұмыс істейді. Сонымен қатар, Голландияда медиацияның қарқынды дамуының негізгі стратегиясы - туралы халық арасында кең және жеткілікті таралған. Медиация институты туралы жалпы ақпаратты Нидерланды Әділет министрлігі таратып отырады. Министрлік тарапынан таралған ақпарат болғандықтан, медиация институтына деген сенім халық арасында кең етек алған. Сонымен қатар, қазіргі уақытта әрбір орталық сотта медиацияның мүмкіндіктері туралы, қолжетімді медиаторлар қызметінің сапасы туралы ақпарат беретін ақпараттық орталық бар. Сондай-ақ, әр соттың медиация бойынша бір немесе одан да көп кеңесшілері бар, олардың функциялары: қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету, тараптар таңдау жасай алатын медиаторлар тізімін беру, медиацияны жүргізу бойынша алғашқы кездесуді өткізу, медиация рәсімінің прогресіне мониторинг жүргізу, тексеру, қаржылық және әкімшілік формальдылықтарды сақтау жатады.

Сот медиациясының голландиялық моделін ескере отырып, Қазақстан Республикасы жағдайында сот органдары мен медиаторлар ұйымдарының өзара іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу мүмкін болып отыр. Осы бағдарлама шеңберінде барлық жерлерде соттар жанынан медиатор-консультант орталықтарының жұмыс жасауын қамтамасыз етсе, және осы орталық медиация арқылы шешімі табылған дау сұрақтарның статистикалық есебін жүргізе отырып, халыққа сол ақпаратты барынша қолжетімді еткізсе болады.

Голландиялық модельдің тағы бір ұтымды жағы ол, медиациялық келісімді кез келген формада қолдана береді. Мысалы, медиация тек жеке тұлғалар арасында ғана емес, мемлекет пен жеке тұлға арасында да медиациялық келісімге отыру қолданылады. Ал, бұл жағдай отандық заңнамада мемлекеттік органдармен медиациялық келісімге отыру шектелген, яғни, жеке тұлға мемлекетпен медиациялық келісімге отыра алмайды. Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша заң алдында барлығы бірдей және тең дегенге қарсы келеді.

Алғашқы медиация бағдарламалары Америка Құрама Штаттарында 1960 жылдардан бастап Филадельфия, Колумбия және Огайо штаттарында жергілікті прокурорлар мен судьялардың бастамасымен енгізілгені белгілі. Бүгінгі таңда медиация бағдарламалары әртүрлі көздерден, атап айтқанда жергілікті әкімшіліктерден, штат үкіметтерінен, жеке қорлардан, шіркеулерден және федералды үкіметтен қаржыландырылады. Көбінесе медиацияға қоғамдық тыныштық пен ұсақ құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда жүгінеді. АҚШ қоғамдағы медиацияның ерекшелігі - медиация орталықтарына көмектесу үшін еріктілерді тарту.

Аталған АҚШ-тағы медиация үлгісіне қарай отырып, бізге де медиация институтын дамыту үшін оны қаржыландыру көздерін табуды қарастыру қажет. Бүгінгі таңда медиация институтын дамыту үшін оны қаржыландыратын волонтерлік ұйымдарды тартуды қарастырған жөн [4].

Қазақстанда медиация институтын дамыта отырып, кез келген даулы сұрақты оңай әрі тез шешуге, сонымен қатар медиация арқылы шешілген дау қандай да бір жақтың, яғни тұлғаның құқығының бұзылуының алдын алады. Қазақстандық және шетелдік тәжірибені талдау медиация институты ең маңыздыларын анықтауға мүмкіндік берді. Медиация институты одан әрі жетілдіру дәйекті және жан-жақты көзқарасты талап етеді, ол тек заңнаманы түрлендірумен шектелмеуі керек. Медиацияны дамыту - ұйымдастыру шараларының кешенін іске асыруды және медиаторлар ұйымдарымен тығыз өзара іс-қимылды талап етеді. Нақты айтқанда әр түрлі саладағы және түрлі

қызмет аясында болатын қақтығыстар мен дау-дамайларды шешу үшін қандай шеберлік қажет әрі медиатор кім болу керек деген сұрақтарға жауап бере алатын арнайы заң жүзіндегі талаптар қойылу қажет.

1991 жылы Тәуелсіздік алып, бүгінде отыз жылды артқа тастап көпшілік қызыға көз тастайтын егемен еліміздің бағындырған биігі, алған асуы, жеткен жетістігімен марқайып мақтануға болады. Жас баладай қаз-қаз басқан мемлекетімізді аяқтан тік тұрғызып, әлем елдері картасынан ойып тұрып өз орнын алуына, шегенделген шекарасын бекітуге, дәрежесін халықаралық деңгейге, биік белеске, асқар шыңға жетуіне Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Осы жылдар аралығында елдің дамуы жолында әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар мен стратегиялардың бастауын бастаған тұлға да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екені ақиқат. Қазақстан Республикасы деген қасиетті қазақтың қастерлі жерді, қазақтай текті халықты әлемге таныту үшін аянбай қызмет етіп, тер төккендігін бүгінгі жас ұрпақ зор мақтанышпен айтатыны анық. Өзгелер қызыға да, қызғана көз салатын біздің мемлекетіміздің болашағы бұдан да жарқын, келешегі кемел болуы үшін әлем елдерін мойындатқан мықты саясаткер Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы жайлы әлемдегі ең танымал әрі беделді саясаткерлер жылы лебіздерін білдіруден шаршаған емес. Мәселен, Маргарет Тэтчер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы: «Бүгінгі таңда әлем бес-алты ықпалды саясаткерді біледі. Олардың қатарында Нұрсұлтан Назарбаев та бар» десе, АҚШ конгресмені Крис Кэннон: «Мен жас Қазақстанның дамуын үлкен ықылас қоя қадағалап жүрмін. 1991 жылы бұрынғы Кеңес Одағынан тәуелсіздік алған сәтінен бастап, бұл ел таңғаларлық саяси және экономикалық жаңғыруларды басынан кешірді. Қазақстан қарыштап алға басып келеді, әрі дұрыс бағытта келе жатыр. Қазақстан қалыптасты, бұған оның басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі үлкен. Мен Қазақстан табыстарының сәулетшісі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси көрегендігін жоғары бағалаймын, ол айтылып жатқан сындарға қарамастан, елін қуатты экономикалық мемлекеттердің қатарына

косып, бұрынғыдан да ауқымды саяси реформалар жасауға кірісті» деген болатын. Біздің Елбасының мықты стратегиялық бағдарламалар мен ел дамуы жолында жасаған реформаларының нәтижелі атқарылып келе жатқандығын осындай пікірлерден жақсы аңғаруға болады десек қателеспейтіміз анық [1]. Егемендік алғаннан бері Елбасы халыққа арнаған жарқын да жасампаз, жігерлі де нәтижелі бастамаларын үзбей айтып келеді. Соның нәтижесінде халық күрделі кезеңнен аман-есен өтіп, жаңарған, жаңа жетістікке жеткен, әлемдік қауымдастық қатарынан орын алған, дамыған, кемелденген мемлекетте берекелі ғұмыр кешіп келеді. Қысқасы, Елбасы мемлекетті жаңа арнаға бұру арқылы дамытып, экономикасы мен сыртқы, ішкі тұрақтылықты сақтап, дамудың даңғыл жолын көздеп, тұрақты әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастырды. Жаңа кезеңге аяқ басудағы ерен еңбегі жоғары бағаланды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауы, Үндеуі, мақаласы халқымыздың терең тарихтан тағылым алып, жарқын болашаққа сеніммен қадам басуына серпіліс берген стратегиялық мазмұнды әрі құнды құжат деп қарауымыз керек. Әсіресе, халық игілігі жолында қабылданып, бекітілген Заңдарды барлығымыз білуге міндеттіміз. Соның ішінде біз ең алғаш Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Медиация туралы» Заңның біздің елде салтанат құруына көп ықпал етті. Біз дәл осы заңға ерекше тоқталғаны жөн санадық.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылы заңды түрде бекітіліп, нақты тапсырмалар да берілді. 2013 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазақстанда соттан тыс делдалдың көмегімен бітістіру процесі – медиация институты құрылды. Бұл екі жақ та келісетін шешім қабылдануы мүмкін істерді қараудан соттарды біртіндеп босату үшін алғышарт жасайды. Бұл институтты дамытып, әлемдік деңгейге жеткізу қажет. Қазақстанның құқық жүйесін дамытудың ауқымды әлеуеті әсіресе әлеуметтік саладағы даулар мен қақтығыстарды шешудің баламалық жолдарын енгізуде жатыр. Медиация туралы заңнаманың жетілмегендігі біздің еліміздегі даулы

жағдайларды реттейтін соттық емес институттардың дамуын тежеп отыр. Биылғы жылы барлық істің 1 пайызы ғана медиация тетіктерінің пайдаланылуымен қаралды. Медиация туралы отандық заңнаманы халықаралық стандарттармен сәйкестендіру керек. Бұл Қазақстанның сот жүйесіне оң ықпал етеді, соттардың жүгін жеңілдетуге септігін тигізетін болады. Сонымен қатар іскерлік белсенділікті арттыруға, елде қолайлы инвестициялық ахуал орнатуға әсер етеді», деген болатын. Алайда бұл медиация институтының жұмысы Елбасы айтқандай жанданып кетпеді. Мүлдем жұмыс жүргізілмеді дегеннен аулақпыз алайда нәтиже көңіл көншітпегені анық. Осыны алға тартқан мемлекет басышысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында Медиация туралы Заң бойынша үмітіміз әлі ақталмағанын, бүгінге дейін бірде-бір мемлекеттік орган осы медиация институтын дамытумен айналыспағандығын ашық айтты. Демек, 10 жыл бұрын қабылданған Заң өз деңгейінен аса алмады деген сөз [2]. Мұның себептері мен салдары да сан алуан. Жалпы, медиация институты бүгінгі таңда барлық мүмкіндіктер мен әлеуетті іске асырмайды деген пікірмен көпшілік келіседі деген ойдамыз. Сондықтан бұл мәселенің негізгі себептеріне тоқтала кетейік. Әуелі, қарапайым халық медиацияның барлық мүмкіндігі мен әлеуетін жеткіліксіз біледі. Сонымен қатар, олардың медиаторға деген сенімдері аз. Өйткені кәсіби мықты, білімді де білікті медиаторлар санының аздығы да медиация институтының дәрежесін көтермей тұр. Қазір ақпараттық технологияның дамыған яғни, жаһандану заманы десек те халықтың құқықтық сауаттылығы мен мәдениеті төменү Халық арасында қорғаудың тек сот және әкімшілік нысандары арқылы субъективті құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы қалыптасқан стереотиптер де бұл саланың дамуына біршама кедергі келтіруде. Бүгінгі таңда медиация институтын дамыту бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың жақсы белсенділік танытып отырғандығын ерекше атап өткеніміз жөн. Бірақ бұл көрсеткіш республика көлемімен есептейтін болсақ тым төмен жұмыс көрсеткішін көрсетеді. Медиация институтын дамытудың бір тетігі ретінде

Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында негізгі бағыт ретінде ұсынып, нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Бұл бойынша республиканың әр өңірінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесіндегі осы салаға жауапты мамандар барынша жақсы нәтиже көрсетуге тырысып бағуда.

Дамыған мемлекеттерде медиация институтының дамуы да әлдеқайда алда. Біз сол мемлекеттердің ұтымды тұстарын, тәжірибесін пайдалансақ нәтиже де жаман болмасы анық. Мәселен, Еуропада қарқынды дамыған медиация институтының бір моделі ретінде Голландиялық модель жақсы жолға қойылған. Голландиялық модель – мемлекеттік сот пен тәуелсіз жеке іс-қимыл медиаторының өзара әрекеттесуін қамтиды. Атап айтқанда, голландиялық модель аясында мемлекеттік соттар Нидерландтық Медиация институтымен тығыз жұмыс істейді. Сонымен қатар, Голландияда медиацияның қарқынды дамуының негізгі стратегиясын қарапайым халық жақсы түсінеді. Өйткені медиация институты туралы жалпы ақпаратты Нидерланды Әділет министрлігі кеңінен, түсінікті етіп таратып отырады. Министрлік тарапынан таралған ақпарат болғандықтан, медиация институтына деген халықтың сенімі де мықты. Дәл осы жұмыстыың біздің елде ақсап тұрғаны көңілге көлеңке ұялатады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта әрбір орталық сотта медиацияның мүмкіндіктері туралы, қолжетімді медиаторлар қызметінің сапасы туралы жалпылама ақпарат беретін арнайы ақпараттық орталық жұмыс істейді. Әр соттың медиация бойынша бірнеше кеңесшілері бар. Олар өздерінің функцияларын жоғары деңгейде орындайды. Кеңесшілер халықты қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету, тараптар таңдау жасай алатын медиаторлар тізімін беру, медиацияны жүргізу бойынша алғашқы кездесуді өткізу, медиация рәсімінің прогресіне мониторинг жүргізу, тексеру, қаржылық және әкімшілік формальдылықтарды сақтау бойынша қызмет көрсетеді. Міне, медиация институтын дамытудың қарапайым жолы осы.

Жалпы, тараптарды татуластыру, дауды шешу, істің ақ-қарасын айыру, қара қылды қақ жарып әділ шешім қабылдау қысқасы, медиация институты біздің елде тек бүгін ғана ойлап табылған жоқ. Медиация институтының түп тамыры,

тарихын біздің ата-бабаларымызбен тікелей байланыстырғанымыз жөн. Алтын әріппен жазылған том-том тарихтың бетін парақтар болсақ, бітімгершіліктің, татулықтың, дау-дамайдың ара жігін ажырату дегеніңіз біздің қазақ қоғамында билер мен ақсақалдардың тікелей жұмысы болған. Ақиқатты айтуда ар алдындағы тазалығына балаған билер мен ақсақалдар кез-келген дауды, жанжалдасуды жазылмаған дала заңына сүйене отырып, бітімгершілік жолмен шешіп, ағайынның арасын жақындастырып, татулықтың туын үнемі биікте желбірету мақсатында төрелік еткен. Сондықтан медиация институты бізге ешқандай да сырттан енген жат заң емес. Сол себепті де біз бұл саланы ұлттық болмысымызға сай етіп, атқаруымыз керек. Елбасы айтқан ҰЛТТЫҚ КОД арқылы медиация институтының біздің қоғамда пайда болғандығын терең зерттеуге болады. Себебі, Елбасы кешегі тарих пен болашақты ұштастырып, халықтың мәдениеті мен болмысын қиыстыра біледі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деп айтқан болатын [1]. Демек, біз де билер мен ақсақалдардың жиынын бүгінгі медиация институтымен байланыстыруға толық негіз бар. Елінің жарқын болашағын, кемел келешегін ойлаған әрбір ұлт өзінің рухани болмысын, тектілігін, ұлттық құндылығын, асыл қасиеттерін жаңғыртып отыруы тиіс. Ұлттық болмысын бұзып алудан қорқып, өз елінің алтыннан да қымбат асыл-қазынасын көпшілікке таныта алмаса, заманауи ғаламдық бәсекелестікке төтеп бере алмасы анық. Сондықтан біз ұлттық болмысымызды, ұлттық құндылығымызды жыл өткен сайын дәріптеп, жаңартып, жаңғыртып отыруымыз керек. Сөз қадірін өз қадірім деп түсінген текті халықтың ұрпағы медиаторлардың көмегіне көптеп жүгінуі тиіс. Ол үшін медиатор өз ісінің нағыз маманы болғаны жөн. Оған артылатын жауапкершілік жүгі де ауыр. Сол

себепті медиатор екі тарапты да жақсы білетін, қандай жағдай орын алса да шешімін тауып беретін, адамдармен жақсы қарым-қатынас орната алатын, адамның жан дүниесін терең түсінетін мықты психолог болуы тиіс. Мәселен, біздің қоғамда бұрындары да отбасылық мәселе, ел дауы, жер дауы орын алған. Олар күрмеуі қиын мәселенің шешімін билердің талқысына салып сол даудың шешімін тапқан. Мысалы, отбасында ыдыс-аяқ сылдырласа міндетті түрде сол әулеттің үлкені болмаса белді ақсақал келіп, екі жастың арақатынасының дұрысталуын, даудың тек бітімгершілік жолмен шешілуін өз қолына алған. Демек, нағыз медиация дегеніміз осы. Өкінішке орай, бүгінгі біздің қоғамда мұндай мәселелерді медиатордың көмегімен шешуі ісі алға баспай тұр. Егер істі сотқа жеткізбей, медиаторлардың көмегіне сүйенсе біршама күрмеуі қиын мәселелер оң шешімін табар еді. Жалпы, медиация институтының мақсаты – істі ортақ келісіммен аяқтау. Ол да үлкен төзімділікті, мол тәжірибені, асқан жауапкершілікті, терең білімді талап етеді. Әсіресе, медиатордың толытартын құжаттарының өзі үлкен жұмыс. Мысалы, шет елде медиатор атағын алу үшін бірнеше жылдық оқу қажет. Осы жылдар аралығында медиатор болғысы келген тұлға дәріс кезінде түрлі құзіреттілікті үйреніп қана қоймай, тәжірибе арқылы сол іспен түбегейлі, оң шешім шыққанша айналысып көреді. Тәжірибе кезінде олар құжаттардың заң аясында толтыру, тараптармен сөйлесу, олардың пікірлерін тыңдай отырып, оларға анализдік талдау жасау, оларды ортақ келісімге келтірудің нақты жолдарын іздеу, тараптардың татуласуы жолында психологиялық көмек көрсету секілді тармақтарды жетік меңгереді. Сол себепті де шет мемлекеттерде медиаторға сұраныс көп. Осындай тәжірибелерді біздің елде де жүзеге асырсақ, медиация институтының беделі біршама артар еді. 10 жылдың ішінде ауыз толтырып айтатындай жетістікке жете қоймаған бұл саланы алдағы уақытта жандандыру үшін бірнеше ұсынысдар ұсынғанды жөн көрдік [4].

– Тараптардың татуластыруды, бітімгершілік жолмен істі жабуды басты мақсат еткен медиатор өз ісінің нағыз шебері болуы тиіс. Ол үшін медиатор маман психолог мамандығын да меңгерсе дейміз. Себебі қазір психологтар мен

каучтардың сабағына барып, жаңаша дүние іздеп жүрген адам саны артып келеді. Бүгінгі таңда біздің қоғамда ажырасу фактісі тым көп тіркелуде. Оның себебі мен салдары тым көп. Бұл сол отбасының проблемасы ғана емес. Бұл қоғамдық проблема. Мұнымен баршамыз бірге күресуіміз керек. Ал осы қадамға баратын жастар істі сотқа жеткізбес бұрын осы медиатордың көмегіне жүгінсе, ажырасу мәселелері азаяр еді. Міне, сондықтан медиатор маман адам психологиясын жетік меңгеруі үшін психолог мамандығын да меңгерсе;

– Медиация институтының жұмысын барынша жандандыру өте маңызды. Себебі қарапайым халықтың басым көпшілігі мұндай институт барынан мүлде бейхабар. Сол себепті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы медиация институты туралы мақалалар мен шағын бейнероликтер көптеп жарық көрсе. Тіпті, осы медиация институты жайлы шағын жинақтар шығарылса нұр үстіне нұр болар еді. Халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізуге көп көңіл бөлінсе. Сонда халық өз мәселесін сотқа жеткізбей медиатордың көмегіне жүгініп, оңтайлы жолмен шешер еді;

– Әр маман иесіне бекітілген жалақы көлемі бар. Сол секілді кәсіби медиаторлар көрсететін қызмет түріне қарай Заң аясында нақты ақысы белгіленсе;

– Медиаторларға арналған тәжірибе алмасу жұмыстары үнемі ұйымдастырылса. Тіпті, шетел мамандарымен тәжірибе алмасып, елімізде осы саланың дамуына әр медиатор өз үлесін қосса, халықаралық медиация институтының жұмысымен жиі танысса деген ұсыныс бар.

Қазақтай текті халық жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп, адал жолмен нан тауып, түзу жолмен жүруі тиіс. Бойымызға әкенің таза қанымен, ананың ақ сүтімен сіңген асыл қасиеттерден, ар алдындағы адалдықтан аттау бізге тән қасиет емес. Ал әділ, турашыл, шыншыл болуға біз міндеттіміз. Дана халқымыз, «Тура биде туған жоқ», «Билік айту оңай, біліп айту қиын» деген аталы сөзден ешқашан да аттамаған. Бұл біздің ата-баба бойындағы таза мінездің бізге бірелген жұрнағы. Біз татулықты, сыйластықты, береке мен ынтымақтытың қадірін терең түсінген халықпыз. Елбасы Нұрсұлтан

Назарбаевтың сындарлы саясатының нәтижесінде біздің бейбіт елімізде 130дан астам этнос өкілдері бір атаның баласындай тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді. Мұның өзі Елбасының ерен еңбегі, сындарлы саясатының жемісі. Осы тұрақтылық пен келісімді, татулық пен беркені сақтау бәріміздің азаматтық парызымыз. Ел ішінде орын алған келеңсіз жағдайлар мен түрлі оқиғаның ымырамен, бетімгершілік жолымен шешілуі үшін біз мақаламыздың өзегі еткен медиатор институтының дәредесін асырып, ауқымын кеңейте түсуіміз керек. Ең бастысы, қара қылды қақ жарып әділ шешім қабылдаған ата-бабаның ар тазалығы лайланбаса дейміз. Сондықтан медиатор адал, әділ болуы аса маңызды. Себебі, қазақ қазы – халықтың олжасы деп текке айтпаған. Медиация институты да сот жүйесінің дамуы секілді үздіксіз жетіліп отыруы қажет. Осы бағытта айқын мақсаттар мен нақты тапсырмалар бойынша жұмыстар тоқтаусыз жүргізілуі тиіс. Заңды сыйлайтын, сотына сенетін, медиатор қызметін пайдаланатын қоғамды ең дамыған қоғам деуге болады. Әділ төрелік пен адал қызмет етуді көздеген медиатордың білім мен біліктілігін арттыру жолында мемлекет тарапынан да жағдай жасалса бұл институттың жетістігі мол болары анық.

Ұлан байтақ қазақтың қасиетті жерінде мекендеген бүгінгі ұрпақ Мәңгілік Елдің бақытты ұрпағы. Біздің мақсатымыз айқын, міндетіміз нақты, бағытымыз белгілі. Олай болса, Елбасы ұсынған стратегияларға қол жеткізу үшін біздің татулығымыз бен бейбітшілігіміз аса маңызды. Қазақстан Республикасын әлем елдеріне танытып, дамыған елдермен терезесінің теңелуіне, керегесінің кеңеюіне бар күш-жігерін арнаған қазақтың бағына туған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегі бәрімізге үлгі. Және біз Елбасы еңбегіне мәңгі қарыздармыз. Тәңір берген Тәуелсіздік деген тәтті сыйдың ғұмыры ұзақ болуын қаласақ, әрбір қазақстандық азамат ел дамуы жолында Елбасы көрсеткен бағыт пен бағдарды басты нысанға ала отырып, келешекке нық қадам жасауы керек. Әлем елдерін мойындатқан мықты саясаткер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясаты мен түрлі стратегиялық бағдарламалары біздің басты

бағдаршамымыз. Олай болса, жолымыз нұрлы, мақсатымыз айқын, бағдарымыз түзу болсын.

Медиацияны жүргізу сатысы-дауды реттеу рәсімінің негізгі құрауышы, оның шеңберінде медиатор келісімге қол жеткізу үшін тараптарды ынтымақтастыққа келтіруге тиіс. Медиация рәсімі бірқатар кезеңдерге бөлінеді. Медиацияны жүргізудің маңызды шарты-процедураны ұйымдастырудың негізгі құралы ретінде регламентті қалыптастыру. Барлық кезеңдерде тараптардың іс-қимылдарының кезектілігі мен дәйектілігі, сондай-ақ сөз сөйлеу үшін уақыт шектері белгіленеді. 1 - кезең-медиатордың Тараптармен танысуынан басталатын медиатордың кіріспе сөзі. Медиатор тараптарға медиацияның мәнін, қағидаттары мен тәртібін түсіндіреді, тараптардың медиация рәсіміне қатысуының еріктілігін Растауды және дауды келіссөздер арқылы шешу ниетін алады, тараптардың медиация қағидаттарын ұстануға дайындығын анықтайды, медиацияны жүргізу тәртібін келіседі, сындарлы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады. 2-кезең-тараптардың ұстанымдарын таныстыру. Тараптарға даудың мәні туралы өз көзқарасын білдіруге, өз ұстанымдарын нақтылауға және ашуға мүмкіндік беріледі. Медиатордың осы кезеңдегі міндеттері-дау қатысушыларының қарсыластың позициясын, оның даудың мәнін нақты түсінуін қамтамасыз ету, негізгі қарама-қайшылықтарды, тараптардың ұстанымдарындағы айырмашылықтарды түзету және жанжалды талдау. 3-кезең-келіссөздердің нақты тақырыбын және талқылауға қойылған мәселелерді анықтау. Тараптардың қатысушылары бір-бірінің нақты ұстанымын нақтылауға, осы проблемалық жағдайды талқылауға ерекше мүмкіндік береді. Медиатордың осы нақты кезеңдегі міндеті тараптардың қатысушыларына келіссөздердің нақты нысанын айқындауға көмектесу және олардың тұжырымдамаларын нақтылаумен талқылау үшін мәселелер тізбесін қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыру болып табылады. 60 мәселелерді тұжырымдай отырып, оларды талқылау тәртібін, оның ішінде талқылау кезектілігін келісу қажет. 4-кезең-дауды шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу. Медиатор тараптардың ұсыныстарын бірлесіп талқылауды

ұйымдастырады, келісілген шешімдерді әзірлеуге жәрдемдеседі, тараптарға шешімнің құқықтық дұрыстығын, шешімнің орындылығын бағалауға, уағдаластықтардың орындалмау салдарын айқындауға көмек көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертацияда Қазақстан Республикасындағы медиация институтындағы ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілерін зерттеп, тәжірибе барсыныда соңғы кезде жиі қолданыла бастаған осындай маңызды институттың ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған талдау біздің ойымызша қажетті әрі пайдалы болды деп білеміз. Медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілерін қазірге кезге дейін зерттелмей қалған тұстарын белгілеп, сипаттауға, сондай-ақ ғылыми тұрғыдан 2011 жылғы 28 қаңтардан бастап енген Медиация туралы заңы шеңберінде бекітілген сатының осыған дейін зерттелмеген және қазақстандық заңгерлер назарынан тыс қалған тұстарын қарастырып, аталмыш институтқа енгізілген өзгерістерге қатысты өзіндік пікір қалыптастыруға мүмкіндік берді. Берілген магистрлік диссертацияның зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасындағы медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілеріне негізделген. Қазіргі таңда халықаралық-құқықтық актілердің басымдығын мойындай отырып, Конституция адамның жоғары құндылықтарын, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын заңнамалық тұрғыдан бекітті. Осылайша, Қазақстан Республикасының тәуелсіз субъект ретінде әлемдік қоғамдастыққа кіруі жаңа экономикалық ұстанымдарды ескеретін ұлттық заңнаманы құруға негізделген құқықтық ұлттық менталитеттің қалыптасуына әкеп соқтырды. Сонымен қатар, құқықтық мемлекетіміздің демократиялық қағидағтары сот ісін жүргізу жүйесін оңтайландырып, жаңа әлемдік тәжірибені ескере отырып мемлекет жүргізіп отырған сот-құқықтық реформада одан әрі дами түскенін көріп отырмыз. Тағы бір айта кететін жайт, ол мемлекетіміздің бірінші басшыларының тапсырмаларының ішінде осы тақырыптың өзектілігін байқаймыз. Қазақстанда сот жүйесі үлкен ауыртпашылықта, сот жүйесіне қандай да бір кіші жағдай болсын, қандайда бір ұсақ түйек жағдай болсын біздің қоғамның азаматтары міндетті түрде сотқа жүгінуді өздерінің бір қалыпты жағдайына айналдырған. Осы жағдайды тоқтату, осы жағдайдың

басқа баламалы түрі бар, азаматтардың араларында қандайда бір дау болмасын, әсіресе отбасы жағдайында соны шешу, соны реттеу арқылы осы медиация арқылы дамыту қажет. Айтылған себептерге сілтене отырып, бүгінгі таңда медиация институтының құқықтық-ұйымдастырушылық аспектілері өзекті мәселе екеніне көз жеткізуге олады.

«Медиация туралы» заң жобасын қабылдауда Қазақстан Республикасының көптеген еңбек сіңірген зерттеушілерінің рөлі ерекше. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлының бастамасымен елімізде медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық жағдайын нақтылау туралы атап көрсеткен. Сол себептен бүгінгі таңда медиация институтының құқықтық-ұйымдастырушылық аспектілері өзекті мәселе болып саналады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, еңбек дауы еңбек құқығы тараптарының қатысушылары арасындағы Еңбек және олармен тығыз байланысты әлеуметтік қатынастардың басқа түрлерін құқықтық реттеудің нәтижесі бойынша реттелмеген келіспеушілік деп тұжырымдай аламыз, олар еңбек құқығының тақырыбына енген, заңға қайшы келмеуге мүмкіндік береді немесе заңда белгіленген тәртіппен. Талдау жүргізе отырып, біз жұмысшылар мен жұмыс берушілердің құқықтарының негізгі дәлелі ретінде жазбаша тасымалдаушылар: бұйрықтар, еңбек кітапшалары, еңбек келісімшарттары және т. б. болатындығын анықтадық. Алайда, прогресс алға жылжуда және біздің күнделікті өмірімізге жаңа ақпараттық технологиялар енгізілуде. Көрсетілген факт, әсіресе құқық саласында, шетте қалмайды. Себебі заң ерекше маңызды әлеуметтік қатынастарды реттейді. Бүгінгі таңда жазалардың заңдылығы мен әділдігі туралы мәселе өте шиеленісті, бұзушылықтарға ұшыраған адам өз құқықтарын шектейді, жұмысшылардың адал қорқынышы мен сенімсіздігін тілейді. құқық бұзушы үшін жауапкершілікті талап ету. Сондықтан мұндай дәлелдер көбінесе толықтырушы болады, ал кейбір жағдайларда бұл жағдайда шешуші болады. Мұндай дәлелдемелерді сауатты

ұсыну және олардың белгілі бір жиынтығы олардың құқықтарын қорғауға көмектеседі. Ресейдегі еңбек наразылықтарының басты себебі еңбек қатынастарының реттелмеуі болды және солай болып қала береді. Туындайтын қайшылықтар олардың жарамсыздығына байланысты құқықтық өріс пен заңды рәсімдерден тыс шешіледі. Мониторинг аясында бақылауға болатын еңбек наразылықтарының тәжірибесі наразылық акцияларын өткізудің тұрақты үлгілері, оларды пайдаланудың себептері мен мақсаттары, оларды дамытудың 80 перспективасы туралы айтады. Жұмысшылардың проблемаларға реакциясы және еңбек жанжалдарын шешуге тырысу ретінде еңбек наразылықтарының формаларын іздеу табиғи процесс аясында өте баяу және сәйкес келмейді, соған карамастан тұрақты тәжірибелер мен үлгілер бар және жаңа институттар қалыптасатын сияқты. Бұл Даму Үкіметтің еңбек наразылықтарын реттеу үшін ұсынатын құқықтық тәсілдерімен ешқандай байланысы жоқ немесе тіпті оларға мүлдем қайшы келеді, бұл қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті сөзсіз күшейтетін қауіпті бөлінуді тудыруы мүмкін. Диссертациялық зерттеу барысында біз еңбек дауларының бірнеше түріне назар аудардық-жеке және ұжымдық. Бұрын аталған жұмыс берушімен еңбек қатынастарында болған жұмыс беруші мен жұмыскерлер, сондай-ақ жұмыс берушімен еңбек шартын жасасуға толыққанды негізделген ниет білдірген жұмыскерлер арасында, алайда өз кезегінде жұмыс беруші еңбек шартын жасасудан бас тартқан дау жеке еңбек дауы деп танылады.

Сондықтан заң шығарушы жеке еңбек дауларын шешу рәсімдерін жеткілікті түрде реттеген. Қызметкерлер өз құқықтарын жұмыс берушімен келіссөздер, сотқа немесе еңбек даулары жөніндегі комиссияға жүгіну арқылы қорғауға құқылы. Бұл тәртіп қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғаудың сындарлы құралына айналуға тиіс. Ресей Федерациясының Еңбек кодексінің 60 – тарауына "жеке еңбек дауларын қарау" "қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келіспеушіліктерді юрисдикцияға дейін реттеу" Жаңа қосымша мақаласын қосу орынды болып көрінеді, онда дауды алдын-ала (сотқа дейінгі) шешудің мерзімдерін, тәртібін анықтау қажет, сонымен қатар тараптардың

туындаған келіспеушіліктерді шешу үшін тәуелсіз тарапты-медиаторды тарту құқығын бекіту қажет.

Сондай-ақ, қызметкерлер КТС-те ғана емес, сонымен қатар сот тәртібінде де жұмыс берушімен диалог жүргізу әдісін қолдана отырып, өздерін қорғауға құқылы екенін тағы бір рет атап өткен жөн, өйткені КТС рөлі осы уақытқа дейін екіұшты болып қала береді. Қызметкер кез-келген уақытта тиісті органдарға шағым жіберуге құқылы, бірақ көбінесе өз мүмкіндігін пайдаланбайды, өйткені ол істі жоғалтуы мүмкін деп алаңдайды, ал бұрын айтылғандай, сот органдары көбінесе жұмыс берушіге қарағанда қызметкердің жағына айналады. екінші заң бұзушылық жиі байқалады. Жұмыс берушілер көбінесе өздерін осылай көрсетеді, өйткені олар жұмыс істеуге мүмкіндік беретіндіктен, олар қызметкерге көбірек құқықтарға ие және оның құқықтары мен міндеттерін оңай басқара алады, ал көмек көбінесе оларға өз позицияларын заңсыз пайдалануға мүмкіндік береді.

Соттардың тәжірибесін зерттеу нәтижесінде біз мемлекеттік еңбек инспекциясының жеке еңбек дауларын шешуге рұқсат етілмегендігі туралы қорытынды жасадық, бірақ сонымен бірге соттар жеке еңбек дауына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамалары мен қаулыларын әрдайым заңды түрде алып тастай бермейді деген қорытынды жасалды. Ұжымдық еңбек дауы ұғымын қарастыра отырып, біз мақалада келтірілген ұжымдық еңбек дауының анықтамасынан білдік. Ресей Федерациясының Еңбек кодексінің 398-інде, іс жүзінде, мұндай дау-дамайдың мәні еңбек жағдайындағы қарама-қайшылықтар болып табылады, өйткені жұмыс берушінің еңбек заңнамасының нормалары бар актілері жергілікті маңыздылықты ескере отырып, Ұжымдық дау қалыптасатындығы жоққа шығарылмайды, еңбек жағдайларын тұтастай немесе жеке-жеке бекітетін нормативтік ережелерді қамтиды. жұмысшылар топтары. Осы айтылғандардан, шын мәнінде, мұндай даулардың көптігі қызығушылық туралы даулар болып табылады (сирек, ұжымдық шартта белгіленген ережелерді іске асырудың 82 - сі бойынша даулар болуы керек. Бірақ, бұл дау таңдалған қорғаныс әдісіне

бағынғанда, бір рет жеке дау туындауы мүмкін, өйткені кенеттен жеке құқықтары бұзылған жалғыз қызметкер қорғауды пайдаланады).

Жұмысты жазу барысында еңбек дауларын шешудегі медиация рәсімінің маңыздылығы қарастырылып, дәлелденді, ұжымдық еңбек дауларын шешуде медиацияны қолдану мүмкіндігі туралы мәселе қозғалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2013 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауы;
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 01 қыркүйектегі Жолдауы;
3. Махтельд Пель, Медиацияға шақыру: медиация арқылы жанжалды қалай тиімді шешуге болатындығы туралы практикалық нұсқаулық//
Приглашение к медиации : практическое руководство о том, как эффективно предложить разрешение конфликта посредством медиации /
Махтельд Пель. - Москва : Межрегиональный центр управленческого и политического консультирования, 2009. - 256 с.;
4. Велитченко В.Н., «Медиация в Казахстане: правовой аспект функционирования» // Евразийский Союз Ученых, г.Алматы – 2015г. – С.64;
5. Леонтьев А. «Обычное право киргиз – юридический вестник, №5-6, 1890г.;
6. Велитченко В.Н., «Медиация в Казахстане: правовой аспект функционирования» // Евразийский Союз Ученых, г.Алматы – 2015г. – С.67;
7. Мета Герда, Похмелкина Г. Медиация — искусство разрешать конфликты. Знакомство с теорией, методами и профессиональными технологиями. — М.: Изд-во «Verte», 2004. — 215 с.;
8. Панова И.А., Медиация: проблемалар және оларды шешу жолдары // Ресей Федерациясы Жоғары Төрелік Сотының Жаршысы. - 2011. - № 10 (227). - Б. 73.;
9. Шамликашвили Ц. А. Ресейдегі Медиация. Қазіргі жай-күйі. Анықтама. - URL: [http:// www.mediacia.com/](http://www.mediacia.com/). Б.1.;
10. Климентов В.Л. Медиация в схемах и таблицах: учеб. пособие. - М.: Радуница, 2011. - б.160;

11. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы №401 Заңы;
12. Климентов В.Л. Медиация в схемах и таблицах: учеб. пособие. - М.: Радуница, 2011. - б.87;
13. Похмелкина Г.Ф., Кетова О.Б. словарь медиатора. –conflict-mediation.ru/library/voc/-2003.;
14. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года//Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан, 1994 г., № 23 -24 (приложение);
15. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 2017 жыл 2 сәуір (Электрондық ресурс «Ақ орда» сайты);
16. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. (Электрондық ресурс «Ақ орда» сайты);
17. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналаған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары // Қарағанды. Болашақ-Баспа, - 2021 ж. – 170б.;
18. Перспективы медиации в уголовном процессе: зарубежный опыт примирительных процедур // Российская юстиция. 2011г. О.В. Карягина;
19. Чепурнов М.А. Анализ применения альтернативных методов урегулирования споров США и России // Актуальные проблемы современных форм защиты прав и свобод человека и гражданина. Сборник научных статей и тезисов по материалам Международной научно-практической конференции. Издательство : Новгородский государственный университет им. Ярослава Мудрого (Великий Новгород). 2017. С. 532-538.
20. 111-Бап, Chinese legislation / Constitution of the People's Republic of China 1982. (amended 1988, 1993, 1999, 2004). URL : <http://chinalawinfo.ru/constitu-tional law/constitution>

21. Markov S.M. Mediation in Russia and China: similarities and differences in the interpretation of an alternative procedure for resolving disputes (mediation) / S.M. Markov, A.O. Sharapova // journal. Издательство : Global Science Center LP (Прага). 2017. № 11. С. 32-39.
22. Сильвестри Э. Медиация по предписанию суда: итальянский опыт // Вестник гражданского процесса. 2015. № 3. 161-168 бет.
23. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ;
24. Карнозова Л.М. Медиация по уголовным делам в российской правовой системе // Восстановительная медиация в России: правовое обеспечение и стратегия развития: сборник материалов. – 2013.
25. Chantilis P.S. Mediation USA // U. Mem. L. Rev. – 1995. – Т. 26. – 1031 p.;
26. (қосымша ақпаратты Залар А-ның жұмысынан табуға болады. сот жүйесінде " / А. Залар: сот жүйесіндегі өзгерістерді басқару; Любляна аудандық сотында медиация / сот медиациясын кейс-стади Любляна аудандық соты; " еуропалық кемелер үшін бес қиындық: Германиядағы соттардың тәжірибесі және Словения " / еуропалық кемелер үшін бес шақыру: неміс және словен тәжірибесі соттар; Словения судьялар қауымдастығы және Словения Республикасының Жоғарғы Соты, 2004 ж., Любляна / Словения судьялар қауымдастығы және Словения Республикасының Жоғарғы Соты, 2004 жыл, Любляна)
27. Перспективы медиации в уголовном процессе: зарубежный опыт примирительных процедур // Российская юстиция. 2011г. О.В. Карягина;
28. «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам медиации» Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 402-IV [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30927293.](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30927293;);
29. «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам медиации» Закон Республики

- Казахстан от 28 января 2011 года № 402-IV [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30927293.;
30. Василенко А.С. Медиация в уголовном процессе США // Вестник Пермского университета. Юридические науки. – 2012.
31. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года (Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858);
32. Aertson I., Peters T. Mediation and restorative justice in Belgium // *European Journal on Criminal Policy and Research*. 1998. – V.6.
33. Chantilis P.S. Mediation USA // *U. Mass. L. Rev.* – 1995. – Т. 26. – 1031 p.
34. Василенко А. С. АҚШ Қылмыстық ісіндегі Медиация / / Пермь университетінің хабаршысы. Заң ғылымдары. – 2012.
35. Карнозова Л. М. Ресейдің құқықтық жүйесіндегі қылмыстық істер бойынша Медиация // Ресейдегі қалпына келтіру медиациясы: құқықтық қолдау және Даму стратегиясы: материалдар жинағы. – 2013.
36. Weitekamp E. Mediation in Europe: Paradoxes, problems and promises // Hart Publishing. Oxford. – 2001.
37. Қылмыстық процестегі медиацияның перспективалары: татуластыру рәсімдерінің шетелдік тәжірибесі // Ресей Әділет. 2011ж. О. В. Карягина
38. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы) [Электрондық ресурс]. - Қатынас режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858>.
39. "Медиация туралы" Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс]. - Қатынас режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226#z836>.
40. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне медиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 402-IV Заңы [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30927293.

41. European Code of conduct for Mediators [Электрондықресурс]. - Кірурежимі: https://www.centrale-fuermediation.de/media/zkm_2_2004_148_172.pdf.
42. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі (2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ). [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226#z836>.
43. Минкина Н. И. медиацияны қолдану және даулардың медиабелділігі туралы // Алтай экономика және құқық академиясының хабаршысы. – 2014.
44. Савченко А. Н., Уренева О. в. қылмыстық процестегі Медиация // Челябі мемлекеттік университетінің хабаршысы. Серия: Құқық. – 2015.
45. В. Н. Перекрестов кінәні қылмыстық процестегі медиацияның шарты ретінде тану // Волгоград мемлекеттік университетінің хабаршысы. 5 Сериясы – Құқықтану. – 2011.
46. Арутюнян А.А. қалпына келтіру Әділет тұжырымдамасы және қылмыстық іс жүргізудегі медиация // Мәскеу университетінің хабаршысы. – Сер.11 Құқық. – 2011.
47. Пен С. Г. 2012. Медиация институтын заңнамалық реттеудің және қылмыстық сот ісін жүргізуде Медиация қызметтерін ұйымдастырудың перспективалары / / Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту жағдайындағы медиация институтының жай-күйі мен даму перспективалары: халықаралық материалдар. ғылыми.-практ. конф. (Астана, 19 қазан. 2012 ж.). – Астана 2012.
48. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі (2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ). [Электрондық ресурс]. - Қатынас режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>.
49. Галимова М.А. алдын ала тергеу сатысында тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық істі тоқтату: дис. канд. юр. ғылымдар. - Омбы, 2004.

50. Демченко Е.В. қылмыстық-құқықтық медиацияның татуласу институтымен арақатынасы // Мәскеу мемлекеттік заң академиясының Орынбор институтының (филиалының) еңбектері. – 2015.
51. Тарасов И. С. ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі және қылмыстық қудалауды тоқтату: дисс. канд. юр. ғылымдар.- Нижний Новгород, 2007.
52. ИНСТРУКЦИЯ ПО ПРИМЕНЕНИЮ ХАРТИИ Руководство для государственных органов и семейных медиаторов, <https://mediation-eurasia.pro/mezhdunarodnye-dokumenty/>
53. Айртсен И. Деятельность в области восстановительного правосудия в Европе // Полиграф сервис, 2005.
54. Карягина О.В. Перспективы медиации в уголовном процессе.// Российская юстиция, 2011.
55. Қазақстан баспасөз клубы. Ж. Аманжолов. «Астана мектептеріндегі медиация институты» (мақала).
56. Қазақстанның Халықаралық Арбитражы интернет-ресурсы.
57. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
58. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 552 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы».
59. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.
60. I-News.kz. 2014 ж. сәуір
61. Аймақтық БАҚ
62. «Фэнтонт» ақпараттық агенттігі 2012 ж. 04.05
63. Касым-Жомарт Токаев, НУР-СУЛТАН, 5 янв — Sputnik. «Егемен Қазақстан» «Тәу-елЫздш бәршен цымбат». Читать далее: <https://ru.sputnik.kz/politics/20210105/15920040/tokaev-statya-o-nezavisimosti.html>

64. Носырева Е.И. Методические и теоретические основы преподавания курса «Посредничество (медиация)» // Хрестоматия альтернативного разрешения споров: Учебно-методические материалы и практические рекомендации / Сост. Севастьянов. - СПб.: АНО «Редакция журнала «Третейский суд» - (Библиотека журнала «Третейский суд». Вып. 3 «Хрестоматия альтернативного разрешения споров»). 2009. С. 388; Даль В.И. Толковый словарь русского языка. Современная версия. М., 2000. С. 512).
65. Дячук М.И. Проблемы и перспективы развитие медиации в Республике Казахстан // Международный научно-популярный журнал. Наука и жизнь Казахстана/Казақстанның ғылымы мен өмірі №3/2 (47), С. 63-66. <https://nauka-zan.kz/jurnal/category/2017>
66. Грефин фон Шлиффен К.(ред), Вегманн Б. Медиация в нотариальной практике (альтернативные способы разрешения конфликтов). Перевод с нем. Трушниковой С.С. — Wolters Kluwer, 2005. — 372 с. — (Библиотека нотариуса). — ISBN: 3-425-24584-5 (нем), 5-46600069-8 (в пер.).
67. Sander F. Dispute Resolution Within and Outside the Courts: an Overview of the U.S. Experience // Attorneys General and New Methods of Dispute Resolution. National Association of Attorneys General and ABA. - 1990. - P. 20
68. Лютов Н.Л. Некоторые проблемы законодательства о порядке разрешения индивидуальных трудовых споров // Трудовое право. - М.; Интел-Синтез. - 2014. - № 1. - С.26-33.
69. Комментарий к Федеральному закону "Об альтернативной процедуре урегулирования споров с участием посредника (процедуре медиации)" (отв. ред. С.К. Загайнова, В.В. Ярков) включен в информационный банк согласно публикации - Инфотропик Медиа, 2012.
70. Матненко М. Особенности локальных конфликтов в организациях // Трудовое право. 2012 год. N 4. С. 12

71. Мириманофф Ж.А. Универсальный характер медиации. Опыт и свидетельство Европы: триптих: [Электронный ресурс] / Пер. с франц. М.В. Соловьевой. URL: <http://www.mediationgeneve.com/docs/Details%2015.pdf> (дата обращения: 11.11.2015)
72. Сафонов В.А. Виды разногласий, возникающих в отношениях социального партнерства // Трудовое право в России и за рубежом. 2015. N 2. С. 27.
73. Смирнов О.В., Буянова М.О. Трудовое право: учебник для бакалавров. – М.: РГ-Пресс.-2016.- 496 с.
74. Смоленский М.Б. Трудовое право Российской Федерации: учебник. - Ростов н/Д: Феникс. - 2015. - С. 491.